

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2021 жылғы 17 маусым**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері жөнінде.

Отырысқа Есеп комитетінің төрағасы, Премьер-Министрдің орынбасарлары, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның басқарма төрағасы, Қаржы министрі, Ұлттық экономика министрі, Ішкі істер министрі және Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары залға келіп қатысып отыр. Барлық басқа министрлер мен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның басқарма төрағасы бейнеконференц байланысы арқылы қатысуда.

Алдымен Қаржы министрінің, Ұлттық Банк Төрағасы орынбасарының және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының баяндамаларын тыңдап, содан кейін сұрақ қою рәсіміне көшу ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! 2020 жылы республикалық бюджеттің атқарылуы жаһандық дағдарысқа байланысты іскерлік белсенділіктің айтарлықтай төмендеуі жағдайында жүзеге асырылды. Соңғы 20 жылдан астам уақытта жалпы ішкі өнім алғаш рет нақты 2,6 пайызға төмендеді. Бұл негізінен карантиндік шаралардың енгізілуінен қызмет көрсетудің 5,4 пайызға кемуіне байланысты болды. Дегенмен экономиканың нақты секторы 2 пайызға өскенін көрсетті. Атап айтқанда, құрылыс 11,2 пайызға, ақпарат және байланыс 8,7 пайызға, ауыл шаруашылығы 5,6 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 3,9 пайызға.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар көлемі 3,4 пайызға төмендеді.

Бюджеттің басым бағыттары төтенше жағдай кезінде азаматтарды және нақты секторды қолдауға арналған шығыстар болды. Бұл әлеуметтік төлемдерді индексстеу, шағын және орта бизнес субъектілеріне салық ауыртпалығын төмендету, «Жұмыспен қамту жол картасы», «Бизнес жол картасы», «Еңбек» және басқа да бағдарламалар.

Экономикалық өсімді қалпына келтіру бойынша кешенді жоспар қабылданды. Зардап шеккен салалардан шамамен 700 мың кәсіпкер салықтық ынталандыру және жеңілдік шараларымен қамтылды.

Шағын және орта бизнестің 40 мыңға жуық жобасы арзандатылған мөлшерлеменен қаржыландырылды. Зардап шеккен салаларда қарыз алушылардың 80 пайызы кредиттер бойынша төлемдерін кейінге қалдыру мүмкіндігін алды. Осы шаралар жұмыспен қамту мен іскерлік белсенділікті сақтауға ықпал етті.

Жұмыссыздық 4,9 пайыз деңгейінде сақталып қалды.

Бюджет процесінің икемділігі қамтамасыз етілді, мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібі енгізілді.

Осындай жағдайларда республикалық бюджеттің атқарылуы мынадай көрсеткіштермен сипатталады.

Бюджет түсімдері 100,3 пайызға орындалып, 12 триллион 49 миллиард теңгені құрады.

Шығыстар 98,3 пайызға игерілді және 14 триллион 234 миллиард теңгені құрады.

Әлеуметтік шығыстар 2019 жылмен салыстырғанда 1,4 триллион теңгеге ұлғайып, 6,6 триллион теңгені құрады.

Бұл республикалық бюджеттің жалпы көлемінің 47 пайызы.

Бюджет тапшылығы 2 триллион 185 миллиард теңгеге немесе жалпы ішкі өнімнің 3,1 пайызы болды.

Енді бюджеттің жекелеген параметрлеріне және Үкіметтің есебін талқылау кезінде айтылған маңызды мәселелердің шешіміне тоқталып өтейін.

Кірістер бойынша. Трансферттерді есепке алмағанда жоспар 22 миллиард теңгеге артығымен орындалды. Бюджетке 6,6 триллион теңге түсті.

Салық түсімдері 5 триллион 576 миллиард теңгені құрап, жоспар 100,3 пайызға орындалды.

Салықтар бойынша асыра орындаудың негізгі сомасы корпоративтік табыс салығы, пайдалы қазбаларды өндіру салығы және шикі мұнайға салынатын экспорттық кедендік бажға тиесілі болды.

Сонымен қатар жоспар қосылған құн салығы бойынша 256 миллиард теңгеге атқарылмаған. Бұл қосылған құн салығын қайтарудың өсуіне, тауар айналымының күрт азаюына және елдің сыртқы саудасының төмендеуіне байланысты болды.

Есепті талқылау кезінде бюджеттің мұнайдан түсетін кірістерге тәуелділігінің артуы туралы сұрақ көтерілді. Шын мәнінде коронавирус дағдарысы жағдайында Ұлттық қордан трансферттер тартудың өскені орын алды, оның көлемі бюджет кірістерінің жалпы 45 пайызына жетті. Дегенмен қосымша соманы есепке алмағанда бюджет кірістерінің құрамындағы трансферттердің үлесі өткен жылдар деңгейінде сақталды. Бұл ретте 2020 жылы Ұлттық қордың активтері 744 миллиард теңгеге өскенін атап өткен жөн.

Қорды басқарудан түскен инвестициялық кіріс 4,1 триллион теңгені құрады. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге көп.

Қордан тәуелділікті азайту үшін кепілдендірген трансферт орта мерзімді кезеңде қысқаратын болады.

Бюджет кодексіне енгізілген түзетулерге сәйкес жаңа контрциклдық қағиданы қолдану жоспарланып отыр.

Кепілдендірілген трансферт мұнайдың консервативтік бағасы кезінде мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемінен аспайтын мөлшерде айқындалатын болады. Бұл мұнайға тәуелсіз тапшылықты төмендетуге және Ұлттық қордың өсуіне ықпал етеді. Егер өткен жылы республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес түсімдерінің үлесі 55 пайызды құраса, ағымдағы жылы оның үлесі 64 пайызға дейін жетеді. Алдағы кезеңде бұл үлестің мөлшері ұлғаятын болады. Осыған орай көлеңкелі экономиканы қысқарту, салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесін енгізудің нәтижесінде салықтық және кедендік тексерулердің тиімділігі артып отыр. Соңғы екі жылда әкімшілендіру мен цифрландыруды жақсарту есебінен бюджетке 1,7 триллион теңгеге жуық қосымша салықтар түсті.

Мемлекеттің шекарасындағы жасырын сауда айналымына қарсы іс-қимылдың кешенді жоспары дайындалды. Кедендік инфрақұрылымды модернизациялау шеңберінде операцияларды автоматты түрде бақылау үшін негізгі өткізу бекеттерін қайта құру жоспарлануда.

Шет елдермен ақпарат алмасу жұмысы онлайн-режимде жалғасатын болады. Сондай-ақ капиталдың шетелге кетуін азайтуға, экономиканы деофшоризациялауға және салықтық түсімдерді арттыруға бағытталған бірқатар заңнамалық шаралар әзірленуде.

Шығыстар бойынша. 2020 жылы бюджет шығыстары 351 бюджеттік бағдарлама шеңберінде 63 стратегиялық бағыт бойынша жұмсалды. Стратегиялық жоспарлардың 261 индикаторына қол жеткізілді. Қаражаттың едәуір бөлігі 13 мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыруға бағытталды. Атап айтқанда, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы есебінен транзиттік жүк көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 20 пайыздан астам өсіп, 23,5 миллион тоннаға жетті.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 15,3 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Агроөнеркәсіптік кешен мемлекеттік бағдарламасы бойынша мыңдаған жобалар инвестициялық субсидиялармен қамтылды.

Банкерде және микроқаржы ұйымдарында тұтынушылық қарыздар бойынша халықтың әлеуметтік осал санаттарының борыштық жүктемесін төмендету бойынша шаралар қабылданды. 30 мыңнан астам қарыз өтелді.

Есеп комитеті мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі, бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі жөнінде бірқатар мәселені атап өтті. Олар жұмыс топтарында да талқыланды. Осыған орай ағымдағы жылдың ақпан айында Мемлекеттік басқару тұжырымдамасы қабылданғанын атап өткім келеді.

Жаңа тәсілдер енгізілуде.

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау кезінде мемлекеттік органдар қоғам мен бизнестің қажеттіліктерін ескеруі тиіс. Сондай-ақ нәтижеге қол жеткізу үшін жеке жауапкершілік күшейтіледі.

Өткен жылы өңірлерде басталған, бірақ аяқталмаған объектілерге түгендеу жүргізілді. Ағымдағы жылы 454 миллиард теңге нысаналы даму трансферттері ретінде бұрын басталған жобаларды қаржыландыруға бағытталады.

Есеп комитетінің қорытындысында бюджетаралық қатынастарды қалыптастыру механизмінің жетілдірілмегендігі туралы айтылды. Қазір Үкімет бұл мәселемен де толық айналысып, бақылауда ұстауда. Бұл жергілікті өзін-өзі басқарудың дамыту тұжырымдамасының жобасында да қарастырылған.

Есеп комитеті қолданыстағы шығыстарды оларды іске асырудан алынатын әсер тұрғысынан қайта қарауды ұсынған болатын. Бұған қатысты 2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде мемлекеттік органдар алғаш рет бюджеттік субсидиялар мен инвестициялық жобаларға мәлімделген шығыстардың экономикалық қайтарымы туралы есептерді ұсынатынын атап өткім келеді. Сөйтіп бюджет тиімділігін арттыру Үкіметтің ерекше назарында.

Бизнеске қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары олардың қарсы міндеттемелеріне байланысты көрсетілетін болады.

Квазимемлекеттік сектордың қызметі туралы біраз сын айтылды. Осы бағытта мемлекеттің экономикаға тікелей қатысуын қысқарту бойынша жұмыс жалғасады және жекешелендіру процесі күшейтіледі.

Жыл сайынғы көтерілетін мәселе, ол квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы қалдықтар. Бұған қатысты бюджет заңнамасына қажетті өзгертулер қабылданды. Бұл қаражаттар субъектілердің тиісті органдарының шешімімен белгіленген тәртіп бойынша жаңа жобаларға бағытталады немесе бюджетке қайтарылады.

Есепті қарау кезінде бюджеттік және мемлекеттік борыштың өсуіне ерекше назар аударылды. Расында дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыру үшін өткен жылы біз бюджеттің тапшылығын және қарыздарды ұлғайтуға мәжбүр болдық. Алдағы уақытта біртіндеп бюджет тапшылығын төмендету жоспарлануда. Бұл жаңадан қарыз алу қарқынын да азайтады.

Валюталық тәуекелдерді болдырмау және қарыз құралдарының жергілікті нарығын дамыту үшін барынша ішкі нарықтың өтімділігі пайдаланылатын болады. Мемлекеттік борыш қауіпсіз деңгейде сақталады және ол белгіленген лимиттен асып кетпейді.

Құрметті депутаттар! 2020 жылға арналған республикалық бюджеттің негізгі көрсеткіштері және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар осындай.

Есепті қарау кезінде экономиканың барлық салалары бойынша 300-ден астам сұрақ пен ұсыныс айтылды. Депутаттардың ұсынымдары қазіргі уақытта мұқият қаралып жатыр және алдағы уақытта жұмыста толығымен ескерілетін болады.

Үкіметтің есебін қолдауды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Келесі сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Баймағамбетов Ақылжан Мәлікұлына беріледі.

БАЙМАҒАМБЕТОВ А.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Әлемдік және ұлттық экономика 2020 жылы коронавирус пандемиясының таралуы аясында терең дағдарысқа ұшырады. Енгізілген локдаундар мен қатаң карантиндік шектеулердің нәтижесінде Қытайды қоспағанда, бүкіл әлемде экономикалық белсенділік едәуір қысқарды. Халықаралық валюта қорының бағалауы бойынша әлемдік ішкі жалпы өнімнің жалпы төмендеуі 2020 жылы 3,3 пайыз болды.

Осы жағдайларда Қазақстанда іскерлік белсенділікті және жұмыспен қамтуды қолдау үшін Мемлекет басшысының бастамалары бойынша Үкімет пен Ұлттық Банк ішкі жалпы өнімнің 9 пайызы немесе 6,3 триллион теңге мөлшерінде бұрын-соңды болмаған дағдарысқа қарсы шаралар топтамасын қабылдады. Сол соманың 2,3 триллион теңгесін Ұлттық Банк қаржыландырды. Экономиканың зардап шеккен секторларындағы кәсіпорындарды қолдау, халықтың іскерлік белсенділігі мен жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, импортқа тәуелділікті төмендету және азық-түлік қауіпсіздігін арттыру, сондай-ақ «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін қаражат бөлінген.

2020 жылы уақытылы қабылданған шараларға байланысты Қазақстан экономикасы 2,6 пайызға қысқарды, бұл халықаралық ұйымдардың бастапқы бағалауынан төмен.

Биылғы жылғы 2-тоқсаннан бастап ұлттық экономика оң өсу аймағына шықты, осы жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің өсу қарқыны 1,6 пайызды құрады. Қызмет көрсету секторының жандана түсуі, экономиканың шикізат емес секторларында жоғары инвестициялық белсенділіктің сақталуы экономиканы қалпына келтіруге ықпал етуде.

2020 жылы іскерлік белсенділікті қолдау және 2021 жылы экономиканы қалпына келтіру Үкімет пен қалыптасқан жағдайға сәйкес ақша-кредит саясатын жүргізген Ұлттық Банктің үйлескен іс-әрекеті арқасында қамтамасыз етілді.

В рамках обеспечения стабильности цен в 2020 году по поручению Главы государства инфляция была удержана в пределах 8-8,5 процента и составила 7,5 процента.

Основной вклад в рост инфляции в 2020 году внесло ускорение цен на продовольствие на 11,3 процента в результате нарушения цепочек поставок в условиях действия режима ЧП и карантинных мер как в Казахстане, так и в странах-основных торговых партнерах, а также повышенного спроса на отдельные группы товаров.

В структуре инфляции непродовольственные товары за 2020 год стали дороже на 5,5 процента, платные услуги – на 4,2 процента.

Большой вклад в рост инфляции с июня 2020 года вносит продолжающийся общемировой рост цен на продовольствие. В результате в мае текущего года индекс ФАО ООН достиг 10-летнего максимума – 127,1 пункта.

Годовая инфляция после стабилизации в начале текущего года на уровне 7 процентов в мае ускорилась до 7,2 процента. Эффект от замедления роста цен на продовольственные товары нивелирован значительным ростом цен на непродовольственные товары и платные услуги.

Продовольственная инфляция замедлилась с 11,3 процента до 9,3 процента в мае текущего года в связи с выходом из расчета высокой базы инфляции 2020 года, замедлением роста цен на хлебобулочные изделия, мясо и плодоовощную продукцию. При этом на отдельных товарных рынках (растительные масла, жиры, сахар) сохраняются дисбалансы, которые влияют на цены.

Непродовольственная инфляция ускорилась до 6,7 процента с 5,5 процента в декабре 2020 года из-за ускорения темпов роста цен на одежду и обувь до 5,9 процента, на бензин – до 12,7 процента. Ускорение годовых темпов роста цен на непродовольственные товары вызвано ростом импортных цен на фоне постепенного восстановления потребительского спроса и деловой активности. В результате вклад ГСМ, одежды и обуви в рост цен на непродовольственные товары за три месяца вырос в два раза, с 1,7 процентных пункта до 3,5 процентных пункта в мае текущего года.

В мае текущего года рост цен на платные услуги населению составил 5,1 процента в основном за счет роста цен на электроэнергию, услуги ЖКХ и проезд воздушным транспортом.

По нашим прогнозам, к концу 2021 года с учетом роста цен на ГСМ и электроэнергию, более сильного фискального стимулирования и повышенных инфляционных ожиданий инфляция может сформироваться выше целевого диапазона на 40-50 базисных пунктов.

Основные факторы формирования инфляции пока не носят устойчивый характер. В случае реализации в текущем году рисков со стороны проинфляционных факторов Национальным Банком будет принято решение по ужесточению денежно-кредитных условий.

В 2022 году прогнозируется исчерпание эффекта роста цен в странах-торговых партнерах и ослабление внешнего инфляционного давления, в том числе за счет стабилизации мировых продовольственных рынков, что будет способствовать вхождению инфляции в Казахстане в целевой коридор 4-6 процентов. Монетарные условия по мере замедления инфляции будут стремиться к нейтральным значениям в среднесрочной перспективе.

В 2020 году дефицит текущего счета платежного баланса составил 6,3 миллиарда долларов США в сравнении с 2019 годом – 7,3 миллиарда долларов США. Сокращение отрицательного сальдо текущего счета на 1 миллиард долларов США связано в первую очередь с сокращением доходов к выплате иностранным инвесторам, а также притоком



валюты от участников Карачаганакского консорциума в рамках урегулирования спора по распределению доходов.

В первом квартале текущего года текущий счет платежного баланса сложился с дефицитом в 1,2 миллиарда долларов США. Основной причиной дефицита является снижение экспорта товаров при увеличении импортных потоков.

Экспорт товаров снизился на 2,9 миллиарда долларов США за счет сокращения экспорта нефти, доля которой в общем экспорте составляет 48,5 процента. Снижение было обусловлено относительно низкими ценами на нефть в четвертом квартале 2020 года, которые ввиду особенности учета экспорта нефти в официальной статистике отразились в экспорте в первом квартале.

Импорт вырос на 4,8 процента за счет увеличения ввоза потребительских непродовольственных и инвестиционных товаров. Импорт товаров растет на фоне восстановления деловой активности и отложенного внутреннего спроса. Наибольший рост импорта отмечается во ввозе таких товаров, как автомобили, одежда и компьютеры.

Құрметті депутаттар! Әлемде іскерлік белсенділіктің қалпына келуі дамыған елдердегі ауқымды фискалды ынталандыруға байланысты. Сонымен қатар сұраныстың жедел өсуі ұсыныстың қалпына келу қарқынынан озып отыр, бұл көптеген тауар нарықтарында тапшылық тудырады және бағаларға қысымды күшейтеді. Осындай жағдайда орталық банктер инфляцияның және инфляциялық күтулердің өсуіне байланысты ақша-кредит талаптарын қайта қарауды бастады.

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы ахуалды мұқият қадағалауды жалғастырады. Жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты шеңберінде Ұлттық Банк Үкіметпен белсенді ынтымақтаса отырып, 2021 жылы ұлттық экономиканы қалпына келтіру және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті құралдарды пайдаланады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақылжан Мәлікұлы. Орныңызға отырыңыз.

Следующее слово для доклада предоставляется Председателю Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Годуновой Наталье Николаевне.

ГОДУНОВА Н.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Во-первых, разрешите поблагодарить депутатов Сената за пристальное внимание к заключению Счетного комитета. Оно было подробно рассмотрено на рабочих группах и заседаниях комитетов. Поэтому позвольте остановиться только на отдельных моментах.

Исполнение бюджета 2020 года осуществлялось в сложных условиях, вызванных пандемией. По поручениям руководства страны действительно были приняты беспрецедентные меры по поддержке населения и бизнеса, что позволило предотвратить значительный спад национальной экономики и существенно нивелировать внешнее негативное влияние.

Плановые параметры республиканского бюджета исполнены, поступления – на 100,2 процента, или 15,1 триллиона тенге.

Национальный фонд в кризисных условиях неопределенности и падения цен на основные экспортные товары Казахстана в очередной раз выполнил роль «подушки безопасности» для страны. При этом 96 процентов от всей суммы поступлений в Национальный фонд в прошлом году мы израсходовали. Теперь по мере стабилизации ситуации необходимо обеспечить его максимальное пополнение. К сожалению, есть факты, когда средства, подлежащие зачислению в Национальный фонд, не перечисляются по назначению. Это связано и с тем, что субъектам квазигосударственного сектора предоставлено право использовать средства от приватизации активов на погашение их внешнего и внутреннего долга.

Так, при проверке Национального фонда был установлен факт, когда за счет средств от реализации активов «Самрук-Казына» был погашен облигационный заем в сумме около 162 миллиардов тенге, полученный ранее из Национального фонда, то есть одной суммой закрыли две. Мы считаем, что такую практику надо исключить.

В отдельных случаях вместо уплаты налогов в Национальный фонд денежные средства компаний нефтяного сектора зачислялись в республиканский бюджет. Это было установлено в ходе аудита налогового и таможенного администрирования Министерства финансов. Только за 2020 год от предприятий нефтяного сектора недопоступило 664 миллиарда тенге.

Счетный комитет обращал внимание на резервы и улучшение налогового администрирования. За счет этого в 2020 году Министерством финансов прогнозировались дополнительные поступления в размере 1,5 триллиона тенге. Фактически поступило намного меньше.

Качественно не изменилась ситуация по погашению недоимки в бюджет, которая по-прежнему осуществляется неденежными средствами.

Также остается проблема переплат в счет будущих платежей. В основном по системообразующим налогам – КПН и НДС. На январь 2021 года эта сумма составила немногим менее 1 триллиона 800 миллиардов тенге.

Кроме этого, в 2020 году выявлены переплаты по пени, чего при правильном администрировании вообще не должно быть. Сумма переплаты пени только по НДС в общем объеме поступлений по этому налогу составила почти 30 процентов.

Пока еще имеет место низкая результативность плановых налоговых проверок. Из тысячи с лишним плановых проверок в 3 процентах случаев проверки завершены без доначислений, в 54 процентах – суммы доначислений составили менее 10 миллионов тенге.

Продолжает расти государственный долг. Соотношение долга к ВВП достигло 29,4 процента и превысило установленное Концепцией новой бюджетной политики ограничение в 27 процентов.

Следует отметить и резкий рост в пять раз долга местных исполнительных органов, который на начало текущего года составил 1,1 триллиона тенге. Пока это в рамках утвержденного лимита, но создает риски на перспективу.

По расходам. Несмотря на сложные экономические условия, бюджет сохранил свою социальную направленность. Но в плане использования остаются вопросы. Объем неэффективно израсходованных средств, установленных всеми органами госаудита, составил почти 570 миллиардов тенге. В то время, когда каждый тенге должен быть на



счету, это непозволительно. Поэтому считаем крайне важным продолжить работу по усилению ответственности должностных лиц за неэффективное использование государственных ресурсов, которую мы начали в прошлом году.

Только две дефиниции были включены в КоАП. Еще три дефиниции было решено рассмотреть по результатам работы новой нормы. С начала 2021 года наказано 11 должностных лиц. Применения нормы налево и направо, чего мы боялись, нет. Но она имеет хороший превентивный, сдерживающий характер. К сожалению, пока по очень узкому кругу нарушений.

По использованию антикризисных средств тоже есть вопросы. Из 6,9 триллиона тенге проверено 4,5 триллиона тенге, из них по 2 триллионам тенге проведен аудит. На 355 миллиардов тенге установлено нарушений, еще 243 миллиарда тенге перераспределено в ходе планирования, в ходе совместной работы с Правительством.

Несмотря на то, что удалось сохранить уровень безработицы на уровне 4,9 процента, первоначально значительная часть затрат по поддержанию занятости направлялась на создание временных рабочих мест, средний период трудоустройства по которым составлял от одного до трех месяцев. Однако Правительством были приняты необходимые меры и закреплены требования, которые в настоящее время позволяют не тратить государственные ресурсы вхолостую.

Поскольку заключение Счетного комитета изучено депутатами достаточно детально, приведу несколько свежих примеров неэффективного использования бюджетных средств. На днях мы завершили аудит эффективности деятельности специальных экономических зон. Как вы знаете, их задача – развитие современных высокопроизводительных, конкурентоспособных производств. Конечно, такие есть, и есть эффективные зоны. Однако вопросы по специальным экономическим зонам возникают давно. Когда еще было пять зон, Елбасы требовал разобраться с их эффективностью. Сегодня мы имеем 13 специальных экономических зон.

С 2001 по 2019 годы на развитие инфраструктуры в специальных экономических зонах только из республиканского бюджета было выделено 372 миллиарда тенге, из них 62 процента – из Национального фонда.

Однако строительство полностью завершено только в 3 из 13 специальных экономических зон. Чтобы все завершить, надо еще 280 миллиардов тенге. поэтому почти 60 процентов общей территории СЭЗ пустует.

Теперь о достижении той цели, ради которой специальные экономические зоны создавались. Общий объем привлеченных в специальные экономические зоны инвестиций составил порядка 4,3 триллиона тенге, из них только 29 процентов, или 1 триллион 200 миллиардов тенге, вложены в развитие промышленности.

Два слова о структуре этого триллиона. 65 процентов составили инвестиции с участием субъектов квазигоссектора, которым ранее эти деньги были выделены из республиканского бюджета или Национального фонда. На 1 тенге госвливания приходится чуть больше 3 тенге инвестиций, из которых 1,1 тенге частных, остальные квазигоссектора. Вот такие не очень хорошие цифры. Хотя справедливости ради надо сказать, в целом то, что государство потратило на специальные экономические зоны, вернулось в виде налогов.

Благодаря поддержке депутатов в Бюджетном кодексе с 2021 года заложены основы для определения социально-экономического эффекта от вложенных средств. Теперь каждый администратор обязан это делать, о чем сейчас говорил Министр финансов.

Но, и это очень важно, должна быть понятная для всех методология и непосредственная координация Министерства национальной экономики и АСПИР, на что мы очень сильно рассчитываем.

В 2020 году Правительством принят ряд мер, направленных на повышение эффективности реализации программных документов через обеспечение достижения общенациональных задач. Это крайне важно! С принятием новой системы государственного планирования, разработкой национальных проектов данная работа продолжается.

Однако в отдельных случаях до сих пор отсутствует стратегическое видение развития важнейших отраслей. Недавно Счетный комитет завершил аудит управления земельными ресурсами. И что же? У нас отсутствует не только стратегия развития земельных ресурсов, а даже нет концепции.

Несколько слов о квазигосударственном секторе. В соответствии с поручением Главы государства проведены аудиты в большинстве крупных компаний квазигоссектора. Только за 2020 было аудировано 25 субъектов квазигоссектора и 16 триллионов тенге их активов. Установлено 60 системных проблем и недостатков, на 41 миллиард тенге финансовых нарушений, неэффективное управление активами почти на 340 миллиардов тенге.

Пока процессы трансформации квазигоссектора в высокотехнологичные и эффективные институты не дали должного эффекта. Трансформация затягивается, приватизация по итогам реализации Комплексного плана обеспечена только на 62 процента.

Доходы в Национальный фонд от приватизации квазигоссектора за 2017 – 2020 годы поступили в объеме 40 миллиардов тенге, или 7 процентов от суммы реализации. Остальные средства пошли на погашение внутреннего и внешнего долга.

По итогам 2020 года рост долговых обязательств к уровню 2019 года составил почти 15 процентов. При этом есть факты, когда валютный заем привлекался дочерней компанией одной из самых крупных национальных компаний для выплаты дивидендов акционерам. А в целом объем выплачиваемых государству дивидендов не превышает 7 процентов от полученного чистого дохода. Поручение Президента – 100 процентов.

Основными системными проблемами квазигосударственного сектора являются:

нерегламентированная и непрозрачная дивидендная политика;

осуществление значительной доли закупок без конкурса и часто у аффилированных компаний. В среднем 77 процентов. Высокая сметная стоимость возводимых объектов;

существенные недостатки в корпоративном управлении. В большинстве национальных компаний до 58 процентов в административных расходах занимает заработная плата. А выплата вознаграждений и бонусов членам советов директоров не зависит от выполнения КРІ;

наличие на балансе непрофильных активов и значительные затраты на их содержание.

При этом систематическое бюджетное финансирование не мотивирует квазигосударственный сектор в повышении рациональности использования государственных ресурсов.

В подходы по управлению государственными активами назрела необходимость внести изменения. Это очевидно. Усовершенствовать стратегическое планирование деятельности субъектов квазигоссектора с четким определением роли каждого в достижении общенациональных задач. Усилить контроль за долговой нагрузкой, четко регламентировать корпоративную и дивидендную политику. Во многих компаниях такая работа уже ведется. Но что-то надо закрепить на законодательном уровне.

Несколько слов по межбюджетным отношениям как важной части региональной политики. В прошлом году Счетным комитетом был проведен аудит эффективности планирования и использования трансфертов общего характера. И что же? По мнению аудита, неправильно определена сама цель трансфертов и изъятий – бюджетное выравнивание.

Наверное, целью межбюджетных перечислений должно быть выравнивание условий жизни людей в разных регионах. Более того, при определении субвенций и изъятий не учитывается сегодняшнее состояние социальной и инженерной инфраструктуры.

Действующая методика такова, что, к примеру, расходы местного бюджета в расчете на одного жителя регионов-доноров значительно превышают расходы в субвенционных регионах. И это при том, что в целом жизнеобеспечивающая инфраструктура в регионах-донорах, наверное, лучше.

Понятно, деньги отдавать никому не хочется. Но как тогда объяснить такой государственный подход жителям Алматинской, Туркестанской, Кызылординской областей, особенно тем людям, которые живут в аулах и других дотационных регионах?

Поэтому, по мнению Счетного комитета, действующая методика определения трансфертов общего характера требует совершенствования. При этом необходимо сокращение встречных потоков бюджетных средств.

Уважаемые депутаты! Вместе с вами и Правительством мы продолжим работу по повышению эффективности расходования государственных ресурсов.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Наталья Николаевна, присаживайтесь.

Құрметті әріптестер, баяндамалар аяқталды. Енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министріне.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Есеп комитетінің мемлекеттік аудиті барысында жұмыспен қамту орталықтарының азаматтарды жалған жұмысқа орналастыру фактілері анықталды. «Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректері бойынша 2017 жылдан бастап 2020 жылдың I жартыжылдығына дейін аудит кезеңінде

жұмысқа орналасуға өтініш бергендердің саны 1 миллион 803 мың адамды құрады, олардың 52 пайызы немесе 948 мың адам тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған.

Міндетті зейнетақы төлемдері туралы деректерді талдау қорытындысы бойынша 119 мыңға жуық азаматтың өздері жұмыс істемейтін ұйымдарда жалған жұмысқа орналасқандығы анықталды. Сонымен қатар «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында 2020 жылы 239 мың адам жұмысқа орналастырылған, оның ішінде 11 мың ғана азамат тұрақты жұмыс орындарына орналастырылған.

Үкіметтің есебі «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы мен «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасын іске асыру кезеңінде және 2020 жылдың қорытындылары бойынша орындаудың оң үдерістерін көрсетеді. Алайда мемлекеттік аудит нәтижелері көрсетіп отырғандай, мұндай нәтижелілік жұмыспен қамту орталықтарының жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін асыра бағалауы, жұмыс орындары бойынша деректерді ақпараттық жүйелерде дұрыс толтырмау, ұқсас шаралар мен көрсеткіштерді әртүрлі бағдарламаларда қайталау және бір мезгілде есепке алу есебінен қамтамасыз етілген.

Өкінішке қарай, халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге бағытталған мақсаттарға қарамастан еңбек нарығында ұзақ мерзімді перспективада құрылымдық өзгерістер, оның ішінде азаматтарды тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру байқалмайды.

Осыған байланысты сұрақ:

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы мен Жұмыспен қамту жол картасының түпкі мақсаттарына қол жеткізу және тиімді орындау үшін министрлік қандай нақты шаралар қабылдады және олардың тиімді орындалмағаны үшін қанша жауапты тұлға жауапкершілікке тартылды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Серік Жамбылұлы, жауап беріңіз.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Динар Жүсіпәліқызы, өте орынды сұрақ. Қазіргі таңда «Еңбек» бағдарламасына және «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасының тиімді жүзеге асуына біз арнайы мониторинг жүргіземіз және осыған байланысты біркелкі кешенді шараларды жасап жатырмыз. Атап айтатын болсақ, біз Есеп комитетінің ескертпелерін ескере отырып, «Еңбек» бағдарламасына және «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасына, сондай-ақ біздің ақпараттық жүйелерімізге үлкен талдау жасадық (қай жерде біздің кемшіліктеріміз бар және оны қалай түзетуге мүмкіндіктеріміз бар).

Біріншіден, бағдарламаға сәйкес қысқа мерзімді оқыту бойынша. Қысқа мерзімді оқыту бойынша біз қазіргі таңда тек қана жұмыс берушілердің сұрауы бойынша оқытамыз және бұл өз кезегінде тұрақты жұмыс орнын табуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, микрокредиттеу мәселесі бойынша көп мәселе болды. Бұл жерде қазіргі таңда микрокредит алған азаматтарымызға біз 90 күннен кейін мониторинг жүргіземіз (ол ісін бастады ма, қандай мәселелер бар). Осыған байланысты бағдарламаға мониторинг жүргізу жөнінде өзгерістер енгіздік.

Ең үлкен мәселе – ақпараттық жүйе арқылы бақылау. Өте орынды айтып отырсыз, қазіргі таңда көп мәселеде біз Қаржы министрлігімен меморандумға отырып, өзіміздің екі жүйені интеграциялап жатырмыз. Бұның ішінде бірінші кезекте тұрақты жұмыс орнынан орналасқан азаматты оның салықтық төлемдері немесе зейнетақы қорына аударылған төлемдері арқылы бақылау. Осыны күшейту.

Екінші мәселе, бір мезгілде жұмысқа орналасу немесе жұмыс берушінің жұмыстан шығарып тастап, қайтадан жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналасу мәселелерін жою жөнінде біз өзіміздің ақпараттық жүйеде блоктар қойдық. Мысал ретінде айтатын болсақ, біз қараймыз, егер ол кісі осының алдында жұмыста болып, жұмыспен қамту арқылы келіп, қайтадан өзінің жұмысына орналасқысы келетін болса, оған осы ақпараттық жүйе мүмкіндік бермейді. Осындай тәсілдерді әлі де енгізетін боламыз, жоспарымыз бойынша оны әрі қарай Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі арқылы бірлесіп істейміз.

Үшінші мәселе, біз жұмыспен қамту орталықтарын цифрландыру жүйесіне көштік. Қазіргі таңда осындай 203 орталық бар. Бұл азаматтарымыздың жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлерімен қарым-қатынасын болдырмау мақсатында жасалып отыр. Қазір электрондық биржамыз бар, осының аясында жұмыспен қамту саласындағы барлық мемлекеттік қызметкерлерді тікелей көрсетеміз. Бүгінгі күннің өзінде 25 пайыз электрондық биржа арқылы осы қызметтерді алып жатыр. Сондықтан бұл жұмыстарды әлі де жалғастыратын боламыз. Әрине, кемшіліктерге қатысты біз талдау жасадық, республика бойынша 359 қызметкерге тиісті шара қолдандық. Бұнымен біз тоқтап қалмаймыз, әрі қарай да бақылауды қатаң жүргізіп отыратын боламыз.

Жаңа өзіңіз айтып өткендей, негізінде төрт жылдың ішінде шамамен 1 миллион 800 азамат осы бағдарламалар бойынша келді. Бізге 11 миллион 400 адам тұрақты жұмыс орнына орналасты. Сонымен қатар былтырғы жылы пандемия кезінде өте қиын жағдай болды. Сол кезде 239 мың жұмыс орнын құрған болатынбыз, ол өз кезегінде жұмыссыздықтың деңгейін 4,9 пайыз көлемінде ұстап қалуға мүмкіндік берді.

Әрине, былтырғы жылы көбіне (Есеп комитеті айтып өткендей) екі-үш айлық уақытша жұмыс орындары болды. Ол ескертпелерді біз толығымен қабылдадық. «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасын бақылау жөнінде Президент Әкімшілігінің жанынан арнайы жұмыс тобы құрылған болатын. Оның ішінде Есеп комитеті, құқық қорғау органдары, бәрі бар. Соған байланысты осы ұсыныстарды ескере отырып, биылдан бастап бүкіл механизмдерімізді тұрақты жұмыс орындарын құру бағытына ғана ауыстырдық.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Үкімет мүшелерінен сұрақтарға нақты және қысқаша жауап беруді сұраймыз, өйткені сұрақтар көп. Жиынымызды 2,5 сағаттың ішінде бітіреміз деген жоспарымыз бар, сондықтан депутаттардың сұрақтарына қысқаша әрі нақты жауап берейік.

Құрметті әріптестер, сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министріне.

Құрметті Сапархан Кесікбайұлы! Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жыл сайын 60 миллиард теңге сомасында жеңілдетілген кредиттер бөліп отырды.

2019 жылы 3 пайыз, 2020 жылы 1,5 пайыз сыйақы мөлшері көлемінде 2020 жылы 70 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды.

Есеп комитетінің деректері бойынша 2019 жылы жеңілдетілген несиелер 16,8 миллиард теңге сомасына 92 қарыз алушыға, ал 2020 жылы 13,2 миллиард теңге сомасына 342 қарыз алушыға тікелей берілді.

Айта кету керек, бұл қарыз алушылар фьючерстік келісімшарттардан 30 пайызға дейін таза пайда алатын трейдерлер болып табылады. Осылайша мемлекеттік қолдаудың негізгі бөлігі тікелей ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне жетпейді деп айтуға болады. Басқаша айтқанда, оның пайдасын делдалдар, трейдерлер көріп жатыр. Ал біздің азаматтар әлі де қымбат өнімдерді сатып алуда.

Осыған байланысты менде келесі сұрақтар:

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендірудің мұндай тәжірибесі немен байланысты болды?

2. Түпкілікті қарыз алушыларды тікелей қаржыландыру бойынша талдау жүргізіліп жатыр ма және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендірудің балама нұсқаларын іздеу бойынша жұмыс жүргізілді ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сапархан Кесікбайұлы, жауап беріңіз.

ОМАРОВ С.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бұл мәселе көктемгі егін жұмыстарына бөлінетін қаржыға байланысты. Бұл мәселеде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы несие беріледі. Бұндағы негізгі талаптардың біреуі кредит алу үшін кепілдік беру керек.

Біздегі ең басты мәселелердің бірі – ұсақ шаруалар кепілдік бере алмайды. Бүгінгі күні бұл программаға әр облыс бойынша, ең бастысы оңтүстік облыстар бойынша 700-ге жуық ұсақ шаруа қатысады. Олардың кепілдік беруге мүмкіндігі жоқ, сондықтан біз бұл қаржыны осы уақытқа дейін трейдерлер немесе қайта өңдеу кәсіпорындары арқылы беріп келдік. Есеп комитетінің есебінде бұл көрсетілді. Содан кейін бұл мәселе алып тасталып, трейдерлер мен қайта өңдеу кәсіпорындары биылғы жылы қаржыландырмайтын болған. Бірақ шаруалардан келіп түскен ұсыныстарға байланысты бұл мәселе Үкімет тарапынан, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында Есеп комитеті тарапынан қайта қаралды. Сол қайта қаралғаннан кейін бүгінгі күні трейдерлер қаржыландырудан алып тасталынды да, қайта өңдеу кәсіпорындары бұл қаржыландыру жұмысына қатысатын болып шешілді.

Екінші мәселеге келетін болсақ, балама нұсқауларын іздеу бойынша бүгінгі күні Үкімет үлкен жұмыс жүргізіп жатыр. Біріншісі –кредиттік серіктестіктердің жұмыстарын одан әрі дамыту, екіншісі – өңірлерде микроқаржы ұйымдарын ашу. Қазіргі кезде әр ауданда осы микроқаржы ұйымдарын ашу жұмысы қарқынды түрде жүріп жатыр. Бұл «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге жүргізіліп жатыр.



Одан басқа Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының тарапынан кепілдік алуға мүмкіндігі жоқ шаруаларға Үкімет тарапынан кепілдік беру жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жерде 80 пайызға дейін алатын қаржыға Үкімет тарапынан кепілдік беру жұмысы жүргізіледі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлына беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы Министерству здравоохранения.

Уважаемый Алексей Владимирович! Объем антикризисного пакета мер Правительства на 2020 год оценивается в 9 процентов ВВП.

Ценность антикризисного пакета состоит не только в его объеме, но также и в том, насколько быстро и точно деньги и решения доходят до получателя.

К сожалению, реализация антикризисных мероприятий не в полной мере решила поставленные задачи. Свидетельством тому является прошлогодняя ситуация в системе здравоохранения, которая выявила острые проблемы, в том числе и в части мобилизационного резерва. Как показали события, основная часть медицинского и санитарно-хозяйственного имущества мобилизационного резерва в виде дыхательной аппаратуры, электрокардиографов, физиоаппаратуры, средств индивидуальной защиты и так далее были морально и физически устаревшими. Соответственно, использование их в медицинской практике было невозможным.

Разрешая сложившуюся критическую ситуацию, Глава государства поручил в экстренном порядке решить вопрос обеспечения лекарственными препаратами, упростить порядок закупки необходимого медицинского оборудования и создать неснижаемый материальный резерв средств индивидуальной защиты. Для реализации данного поручения из резерва Правительства были выделены 28,4 миллиарда тенге, за счет средств займа – 5,7 миллиарда тенге. Однако, несмотря на необходимость принятия оперативных и действенных мер, исполнение данного поручения было затяжным, что отрицательно повлияло на развитие событий, хотя все необходимые законодательные решения были своевременно приняты.

В связи с этим у меня возникли вопросы.

Проведена ли ревизия находившихся на хранении медицинских изделий, лекарственных препаратов и оборудования, проведено ли списание пришедшего в негодность и с истекшим сроком хранения? Обновлены ли эти материальные ценности и на какую сумму?

Сделан ли анализ необходимого объема медицинских препаратов и средств в случае чрезвычайной ситуации, и соответствует ли он нынешним фактическим потребностям?

Проводится ли мониторинг актуальности перечня лекарственных препаратов и медицинского оборудования?

Какова ежегодная потребность денежных средств на обновление государственного мобилизационного резерва? Рақмет.

ТӨРАҒА. Алексей Владимирович, Вам слово.

ЦОЙ А.В. Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемый Женис Мирасович! Действительно, готовность системы здравоохранения к вызовам пандемии является приоритетом. Здесь нужно разделить, формирование резервов определяется по двум позициям.

Первая позиция – формирование резервов внутри медицинских организаций, стабилизационных фондов регионов, которые обеспечены в полном объеме. Необходимые лекарственные средства, оборудование поставлены в регионы, непосредственно в медицинские организации. Стабилизационные фонды регионов имеют накопленные лекарственные средства как минимум на два месяца работы. Средствами индивидуальной защиты, защитными костюмами обеспечены регионы.

Что касается мобилизационного резерва, это резерв на случай различных внештатных ситуаций, в основном для каких-то военных конфликтов. Этот мобилизационный резерв был передан Министерству здравоохранения буквально недавно. И сейчас производится инвентаризация данного оборудования.

Действительно, не закупалось оборудование практически 50 лет. Полная ревизия оборудования, лекарственных средств, медицинских изделий. По итогам инвентаризации передача на баланс Министерства здравоохранения. Мы совместно с уполномоченными органами сделаем официальную заявку по пополнению данного материального резерва и механизмов разбронирования.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Білім және ғылым министріне.

Құрметті Асхат Қанатұлы! PISA – білім жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасының 2015 және 2018 жылдардағы рейтингісі көрсеткендей, біздің елімізде теріс динамика байқалады. Мысалы, 2015 жылы оқу сауаттылығының көрсеткіштері бойынша Қазақстан 53-орыннан 2018 жылы 69-орынға төмендесе, тиісінше математикалық сауаттылық бойынша 42-орыннан 54-орынға түсті. Ал жаратылыстану-ғылыми сауаттылық жағынан 2015 жылы рейтинг жүргізілген жоқ, 2018 жылдың қорытындысы нәтижесінде 69-орынды қанағат еттік. Ал ауылдық жерлерде сауаттылық деңгейі қалаға қарағанда едәуір төмен екені бәрімізге белгілі.

2015 жылы PISA рейтингісінде әлемдік көшбасшы Сингапур болса, 2018 жылы біріншілік Қытайға өтті.

Бағалау нәтижесіне қарасақ, өкінішке қарай, біз рейтингке қатысушы 78 елдің соңғы ондығындамыз. Көрсетілген рейтингтегі Ресей, Беларусь, Украина елдерінің PISA көрсеткіштері бізден әлдеқайда жоғары.

Пандемия салдарынан туындаған бүгінгі ахуал білім беру жүйесіндегі проблемаларды одан сайын күрделендіре түсті. Соған байланысты көріп жүргеніміздей, педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының, сондай-ақ мектеп оқушыларының

пікірінше, бүгінде қашықтықтан оқыту форматына байланысты білім сапасының, білімді игеру деңгейінің айтарлықтай төмендегенін мойындауымыз қажет. Бір ғана мысал, елімізде 1 мың 178 ауыл интернетпен қамтамасыз етілмеген, ал интернетпен қамтылған мектептердің ішінде 218 мектепте интернет жылдамдығы 4 мегабит/секундтан төмен.

Айта кету керек, соңғы үш жылда орта білім беруге арналған бюджет шығыстары 2,8 есеге артып, 865 миллиард теңгеге жетті. Оқушылар саны жыл сайын өсіп келеді. Осылайша білім беру саласына жүктеме артпаса азайған жоқ. Бірақ мемлекет бөлген қомақты қаражатқа қарамастан, біз білім беру сапасын арттыру бойынша елеулі нәтижелерді әлі көріп отырған жоқпыз. Жаңа ғана мен айтқан халықаралық бағалаулардың қорытындысы осыны дәлелдеп отыр.

Осыған байланысты сұрақтар:

Сіз еліміздегі білім беру сапасын жақсарту мақсатында сарапшылар мен педагогикалық қоғамдастықтың қатысуымен PISA нәтижелері мен ұсынымдарын талқыладыңыз ба?

Қандай нақты шаралар әзірленді және ол қашан іске асады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлы, жауап беріңіз.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Өте үлкен мәселе көтерілді.

Бірінші сұраққа келетін болсақ, 2018 жылы PISA халықаралық зерттеуі өтіп, 2019 жылы оның нәтижелері белгілі болды. Әрине, біз оны эксперттермен, педагогикалық қауымдастықпен кеңінен талқыладық. Тек қана талқылап қана қоймай, талдау жасап, әр облыс, әр аудан, әр қала бойынша талдау жасап, оны жергілікті атқарушы органдарға беріп, сол бойынша нақты іс-шараларды іске асыра бастадық.

Екінші сұрақ бойынша. Әрине, бізде нақты іс-шаралар бар. 2019 жылы осы зерттеудің нәтижелері белгілі болғаннан кейін 2020 жылдан бастап іске асырылған мемлекеттік бағдарламада кешенді іс-шаралар қарастырылды және де күні кеше ғана біз осы Сенаттың профильдік комитетінде «Білімді ел» арнайы ұлттық жобасын талқыладық. Осы ұлттық жобаның шеңберінде де білім беру сапасын арттыру бойынша кешенді іс-шаралар қарастырылып отыр. Атап айтатын болсақ, бұл білім беру сапасына әртүрлі факторлар әсер етеді. Сондықтан ең басты мәселе білімді, білікті педагогтармен қамтамасыз ету, олардың әлеуетін арттыру болып табылады.

Осы тарапта Мемлекет басшының берген тапсырмасының шеңберінде «Педагог статусы туралы» Заң 2020 жылдан бастап іске асырыла бастады. Педагогтарды дайындау жүйесін біз жаңадан іске асырып, университеттердің білім беру бағдарламаларын жаңартып жатырмыз. Осы жұмыстың нәтижесінде тек қана бір жылда, 2020 жылдың нәтижесінде «Алтын белгі» иегерлері – педагогикалық амандықты таңдаған балалар, талапкерлердің үлесі екі есеге көбейді. Педагогикалық мамандықтарға түсіп жатқан орташа балл 60 баллдан 90 баллға көбейді, яғни ең мықты талапкерлер осы педагогикалық мамандықты таңдады деген сөз.

Жалпы кадр мәселесінің әлеуетін арттыру бойынша, оқу сауаттылығын арттыру бойынша (жаңа өзіңіз жақсы айттыңыз) біз «Кітапқа құштар мектеп» деген үлкен жобаны

бастап кеттік. Әдеби кітаптармен біздің кітапханаларды қамтамасыз ету, жалпы кітапханалардың жұмысын жаңа форматта өткізу мәселесі іске асырылып жатыр. Әрине, басқа да кешенді, үлкен жобалар басталып, осы кеше депутаттармен талқыланған ұлттық жобада да қарастырылып жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министріне.

Үкіметтің есебіне сәйкес 2020 жылы Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджеттен 406,4 миллиард теңге бөлініп, 98,9 пайызға игерілген. Аталған пайыздың игерілгеніне қарамастан, әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету бөлігіндегі бағдарламаның жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізілмегенін атап өту қажет. Атап айтқанда, аз қамтылған отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй салу шеңберінде 10 мың пәтер жоспарланған болса, салынған пәтер саны 4,7 мың ғана немесе бұл жоспардың көрсеткіші 47 пайызды құрайды.

Осыған ұқсас жағдай, республикалық маңызы бар қалалардың жұмыс істейтін жастары үшін жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші небәрі 34,4 пайызды құрап отыр.

Бүгінгі таңда өңірлерде мемлекеттік бағдарлама бойынша салынған әлеуметтік тұрғын үйлердің сапасы мен қауіпсіздігі сын көтермейді. Оның басты себептерінің бірі – үй салу процесі мен құрылыс материалдары сапасының төмендігі. Сондай-ақ үйлерді салу барысында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды жүргізбей тұрғын үй құрылысының жұмыстарын бастау әдетке айналған. Соның салдарынан қарапайым халық тарапынан орынды наразылық туындап отыр.

Есеп комитеті «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуының тиімділігіне аудит жүргізіп, оның ішінде Жамбыл, Ақмола және Ақтөбе облыстарындағы тұрғын үй құрылысының сапасына тиісті бақылаудың жоқтығын көрсетті.

Осыған орай сұрақ: «Нұрлы жер» бағдарламасымен салынған тұрғын үйдің сапасы мен сейсмикалық тұрақтылығын кім тексереді? Осы айтылған мәселелерді шешу жолдары жоспарда бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бейбіт Бәкірұлы, жауап беріңіз.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Құрметі Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Расында да соңғы кезде тұрғын үй сапасына қатысты шағымдар жиі түсуде. Өздеріңізге белгілі, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап, бизнес-климатты жақсарту мақсатында Мемлекеттік қабылдау комиссиясы алынып тасталды. Ол өзгерістер Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне енгізілген болатын.

Бүгінгі күні нысандарды құрылысқа қатысушылардың өздері қабылдайтынын атап өткен жөн. Мемлекеттік қабылдау кезіндегі қалыптасқан ұжымдық жауапкершіліктің орнына қатысушылардың дербес жауапкершілігі енгізілді (персональная ответственность). Осыған байланысты құрылыс барысына мемлекеттік бақылау жоспарлы түрде бәсеңдетілді.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңда аймақтарда құрылыс сапасын бақылау шаралары бірқатар себептерге байланысты өзінің тиімсіздігін көрсетіп отыр. Бұл кемшіліктер анықталған жағдайда шұғыл, қатаң шараларды қабылдауға және де нысанды пайдалануға қатысуға мүмкіндік болмайды.

Аталған мәселелерді шешу мақсатында министрлік тарапынан мемлекеттік бақылау жүйесі мен мемлекет тарапынан нысандарды қабылдауға міндетті түрде қатысу қайта қаралып жатыр. Сондай-ақ ашықтықты қамтамасыз ету үшін құрылыс процесі қазір толық цифровизацияға өтеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бейбіт Бәкірұлы, Сағындық Есенғалиұлы өте маңызды мәселені көтеріп отыр. Халқымыз үшін баспана ең негізгі мәселелердің бірі екенін бәріміз білеміз. Осы салада біраз мәселелер бар. Сіз жаңа бір мәселені ғана айтып кеттіңіз, бұдан бөлек болып жатқан проблемаларға басқа да себептер бар сияқты.

Біріншіден, жоспардың дұрыс болмағанын да көріп отырмыз. Мысалы, мемлекеттік органдар, әкімдер жоспарда 10 мың үй саламыз деп өздеріне міндеттеме алады, бірақ салынған үйдің көлемі сол 50 пайыздың төңірегінде екенін жаңа әріптесіміз айтып өтті. Бұл алдын ала дұрыстап сараптамалардың жасалмағанын және жоспардың дұрыс емес екендігін көрсететін айқын нышан.

Екіншіден, бақылаудың әлсіздігін де көріп отырмыз. Бұл жерде бақылау министрліктің тарапынан болу керек шығар, әкімдердің тарапынан болу керек шығар. Жаңа сіз айтып кеткеніңіз, ол қабылдаудың бір ғана формасы ғой. Бақылаудың басқа да мүмкіндіктері бар. Сондықтан осы жағын тағы да қарап, жұмысты күшейту керек деп есептейміз.

Үшіншіден, жаңа Сағындық Есенғалиұлының айтып отырған мәселесінің бірі – сапаның төмендеп кетуі. Үйлерді арзандатамыз, мемлекеттік бағдарлама арқылы салынып жатқан пәтерлердің бағасын түсіреміз деп құрылысшылар және мемлекеттік органдар пәтерлердің сапасын да түсіріп жатыр. Ол факт. Оны айтуымыз керек. Оған енді халықтың тарапынан үлкен наразылықтар бар. Сіз айтқан мәселе де бар. Осының бәрін жүйелі түрде қарау керек сияқты, Бейбіт Бәкірұлы. Керек болса, біз заңнамаға өзгерістер енгізейік. Егер де осындай ұсыныспен шықсаңыздар, күзде біз өз тарапымыздан бұл ұсынысты қолдауға дайынбыз.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Мой вопрос адресован Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Смаилову.

Уважаемый Алихан Асханович! Действующая бюджетная система имеет пробелы в регулировании межбюджетных отношений между уровнями государственного управления.

Первое. Согласно данным Счетного комитета, объем трансфертов, выделяемых регионам, за пять лет вырос более чем в 1,8 раза.

Второе. Доля собственных доходов в местных бюджетах по итогам 2020 года сложилась на уровне 41 процента, ниже 50 процентов.

Третье. По оценке Счетного комитета, почти во всех регионах-донорах одновременно с увеличением объемов изъятий более опережающими темпами происходит рост объемов трансфертов из республиканского бюджета.

Четвертое. Из-за отсутствия механизма при вводе новых объектов социальной сферы возникают проблемы с их финансированием, так как субвенции утверждаются на три года и не подлежат изменению. К примеру, в Кокшетау в декабре 2020 года ввели в эксплуатацию новую онкополиклинику, вопрос финансирования не решен до сих пор.

Таким образом, сложившаяся система межбюджетных отношений создает излишние финансовые потоки между различными уровнями государственного управления, размытость ответственности между администратором республиканской бюджетной программы и местным исполнительным органом, не стимулирует местные исполнительные органы искать возможности для развития экономики регионов с последующим увеличением доходной части бюджета.

В связи с этим вопросы. Какие меры принимаются Правительством по совершенствованию межбюджетных отношений? Как стимулировать регионы к расширению налогооблагаемой базы? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлихан Асханұлы, жауап берсеңіз.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Уважаемые депутаты! Система изъятий и целевых трансфертов – это обычный бюджетный процесс для унитарных государств, в которых решаются общестрановые задачи. Вместе с тем систему межбюджетных отношений мы постоянно совершенствуем с целью сокращения разрывов социально-экономического развития регионов, повышения их самостоятельности и стимулирования расширять свою налоговую базу. В частности, мы сохраняем практику расчета неизменных трансфертов общего характера на три года. Это позволяет регионам самим использовать дополнительно получаемые доходы.

Например, за предыдущую трехлетку (2017 – 2019 годы) местные бюджеты были перевыполнены на почти 1 триллион тенге, которые остались у регионов. В прошлом году, несмотря на пандемию, местные бюджеты были перевыполнены на 100 миллиардов тенге, которые также остались у регионов.

С прошлого года, как вы помните, мы передали в базу местных бюджетов корпоративный подоходный налог с малого и среднего бизнеса для того, чтобы повысить их самостоятельность. Это имело хороший эффект. В прошлом году корпоративный подоходный налог от малого и среднего бизнеса в местных бюджетах был перевыполнен на 25 процентов. В этом году мы также наблюдаем перевыполнение местных бюджетов, доходной части. За пять месяцев доходы местных бюджетов перевыполнены на 29 процентов, или на 370 миллиардов тенге.

Сегодня мы совместно с депутатским корпусом рассматриваем вопрос закрепления в Бюджетном кодексе нормы по передаче с областного уровня на районное звено не менее



50 процентов КПП от малого и среднего бизнеса для того, чтобы стимулировать районное звено.

Также рассматривается вопрос передачи с районного звена на уровень местного самоуправления, то есть на четвертый уровень бюджета, единого земельного налога и всех плат по обороту земельных участков.

Сейчас готовится новая методика расчета трансфертов общего характера на следующую трехлетку, то есть на 2023 – 2025 годы. Она будет утверждена уже в текущем году. В ней будут учтены все фактически сложившиеся расходы, затраты на каждого жителя в каждом регионе, а также текущее состояние инфраструктуры, дорог, ЖКХ. Также будут учтены средства на содержание вновь вводимых объектов (по онкобольнице пример приводили), будут пересмотрены все показатели и коэффициенты. Мы там закрепляем для местных исполнительных органов уровень бюджета развития на уровне не менее чем средний показатель за последние три года.

Также мы продолжаем работу по анализу возможности передачи отдельных видов поступлений с республиканского на местный уровень, но с учетом новых задач, которые стоят перед нами в рамках предвыборной платформы партии «Nur Otan» и поручений Главы государства. Спасибо.

ТӨРАҒА. Алихан Асханулы, в целом, мне кажется, очень актуальный вопрос.

Даурен Зекенович говорит о том, что доля собственных доходов в местных бюджетах составила 41 процент в 2020 году. Понятно, что 2020 год был особенным, это период борьбы с пандемией, активная фаза, в 2020 году вступили льготы для малого и микробизнеса, соответственно, они не платили налога на доходы. В принципе, можно было бы понять уменьшение доли собственных доходов в местных бюджетах. Но мы посмотрели динамику (а анализ всегда делается по динамике), эта тенденция наблюдается и в 2018 году, и в 2019 году, и в 2020 году, и, скорее всего, в 2021 году мы это увидим. То есть уменьшается доля собственных доходов регионов в их бюджетах. Если, например, в 2018 году собственные доходы составляли 48 процентов, в 2019 году – 42,5 процента, в 2020 году – 41 процент, мы видим тренд на уменьшение. О чем это говорит? Это говорит о том, что регионы в своем бюджете все меньше получают доходы сами, а больше надеются на соответствующие трансферты, субвенции из центра, то есть мы снижаем самостоятельность регионов, они больше надеются на финансирование из центра, из Нур-Султана. Это одна тенденция.

Вторая тенденция – это увеличение роста объемов изъятий в регионах-донорах. Например, в Атырауской области, начиная с 2028 года, объем изъятий вырос вдвое за эти три года, которые мы анализируем, в Алматы – в 1,7 раза, то есть больше изъятий оттуда идет.

Таким образом, регионам, наверное, не совсем становится интересным увеличивать свои налогооблагаемые доходы и увеличивать свою часть бюджета, свою часть доходов в местных бюджетах.

И с этими трендами, видимо, нужно работать, Алихан Асханович. Здесь какие могут быть способы? О чем Вы сказали, видимо, совершенствование межбюджетных отношений.

Посмотреть, какие налоги в дальнейшем должны оставаться в регионах, какие должны платиться в центр. Здесь, наверное, есть над чем поработать.

Также один из существенных резервов – это теневая экономика. Теневая экономика сегодня, по оценкам, около 20 процентов. Соответственно, если мы этот бизнес выведем из тени, это дополнительные доходы в местный бюджет, которые у них же и будут оставаться. То есть это тоже резерв, который можно в предстоящие годы использовать для пополнения местных бюджетов.

Конечно, нужно усовершенствовать методику расчетов трансфертов общего характера, об этом и Вы говорили, и Наталья Николаевна об этом тоже говорила, и в презентациях достаточно много материалов представлено по этому направлению. Здесь, видимо, тоже нужно поработать, как исчислять тарифы, трансферты, как они считаются. Не всегда потом эта методика полностью исполняется, идут нарушения, соответственно, в дальнейшем не работает принцип бюджетного выравнивания в регионах, о чем сегодня говорили.

Алихан Асханович, вопросов много. Давайте поработаем в рамках следующей сессии вместе с Правительством, мы готовы какие-то свои предложения внести, вместе находить какие-то решения в этой сфере, чтобы заинтересовать регионы в увеличении налоговой базы на местах, чтобы они были заинтересованы увеличивать свою долю доходов в местных бюджетах, чтобы они не были только в такой позиции, когда ждут финансирования из центра. Давайте поработаем.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет.

Сұрақ Ішкі істер министрлігіне.

Құрметті Ерлан Заманбекұлы! 2020 жылға арналған республикалық бюджет үлесінде ең көп игерілмеу Ішкі істер министрлігінде жол берілген. Ол 3,8 миллиард теңге көлемінде. Өткен жылы Ішкі істер министрлігі тек қана ақпараттық жүйелерін дамытуға 6 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлген. Оның 2,8 миллиард теңгесі ғана игерілген, демек 2020 жылы ақпараттық жүйелерді дамытуға бөлінген бюджет қаражатының 50 пайыздан астамы игерілмеген. Ал 2021 жылға арналған бюджетті нақтылау барысында Ішкі істер министрлігінің қажеттілігіне шамамен 332 миллиард теңге көлемінде қаржы қарастырылған, оның ішінде ақпараттық технологияларды қамтамасыз етуге арналған қаржы да бекітілген.

2020 жылғы қазан айында өткен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында Мемлекет басшысы полиция қызметін цифрландыру, азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен олардың конституциялық құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Жалпы алғанда сандық технологияларды өткізу қоғамдық тәртіпті қорғаудың тиімділігін арттыруда және қылмыстың алдын алуда маңызды рөл атқаратыны белгілі. Соған байланысты бүгінгі күні мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында көрсетілетін цифрлық қызметтер Ішкі істер министрлігінің электрондық

жүйелерінің істен шығу салдарынан кезең-кезеңменен қолжетімсіз қалып қалу фактілері де назар аударарды.

«Сергек» жүйесінің жұмысы да, оның жетілдіру қажеттілігі де өткен жылдары қоғамда бірнеше рет пікірталас тудырды. Мұның бәрі Ішкі істер министрлігінің қызметіндегі ақпараттық жүйенің жетілмегендігінің және оны дамыту өте қажет екендігін көрсетеді.

Соған байланысты төмендегідей сұрақ:

Ішкі істер органдарының қызметін жаңғыртудың және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының біріне көзделген бюджет қаражатының игерілмеуі немен байланысты?

Министрлік Мемлекет басшысының тапсырмасын сапалы түрде қалайша орындамақ? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Заманбекұлы, жауап беріңіз.

ТҮРҒЫМБАЕВ Е.З. Сұрағыңызға рақмет.

2020 жылы бюджеттен бөлінген қаржы 99 пайыз игерілді, жаңа айтып кеткендей, 3,8 миллиард теңге қалып қалды. Өкінішке қарай, 2020 жылы пандемияға байланысты шекаралар жабық болды, Еуроодақта көп зауыттар мен мекемелер тұрып қалды. Біздің келісіміміз бойынша Еуроодақтан осы құрал-жабдықтар келу керек болған. Бірақ жаңағы жағдайға байланысты бәрі тұрып қалғандықтан біз бұл мәселені Республикалық бюджет комиссиясына шығардық. Республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша бұл қаржы 2021 жылға аударылды.

Құрметті депутаттар, бүгінгі таңда бұл зауыттар ашылды. Қазір құрал-жабдықтардың 80 пайызы Қазақстанға келді, ақпараттық технологиялар жүйесі бойынша жұмыстар істеліп жатыр.

Екінші сұраққа қатысты айтсақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ішкі істер министрлігінде үлкен бағдарлама бар. Қазір Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірге істеп жатырмыз. Халыққа қызмет көрсету орталығына цифрлық жүйемізді беріп жатырмыз. Бүгінгі таңда 25 пайыз үкіметтік қызметті электрондық форматқа ауыстырдық, жылдың аяғына дейін тағы да 5 пайыз ауыстырамыз. Ол екі қызмет болады. Жылдың аяғында біз 100 пайыз ауыстыратын боламыз.

Кемшіліктер бойынша ұсынымда бар, қазір Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірге біз жұмыс істеп жатырмыз, көп интеграциялау жұмысы істеліп жатыр. Бұл тек қана Ішкі істер министрлігі емес, басқа да министрліктермен, құзыретті органдармен, сондықтан қазір бәрі халыққа қызмет көрсету орталығына беріліп жатыр. Жылдың аяғына дейін бұл кемшіліктер болмайды деп ойлаймын. Осындай жағдайлар болған кезде біз тексеріс жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет.

Мой вопрос адресован Министерству здравоохранения.

Уважаемый Алексей Владимирович! В 2020 году на обеспечение амбулаторными лекарственными средствами было выделено по республике 138,6 миллиарда тенге. Вместе с тем одним из недостигнутых целевых индикаторов за отчетный период является доля обеспеченности лекарственными средствами диспансерных больных. При плановом 61 проценте фактический охват составил 47,1 процента.

Основными причинами, помимо сложной эпидемиологической обстановки, являются неправильное или некорректное планирование, отсутствие интеграции между программами лекарственного обеспечения и базой данных диспансерных больных, как следствие, поздняя доставка препаратов в регионы.

У медицинских организаций на сегодняшний день нет механизма возврата неосвоенных лекарств или их передвижки, следствием чего является неэффективное использование бюджетных средств.

В продолжение данного вопроса прошу разъяснить позиции нашей страны по лекарственным средствам и медицинским изделиям в рамках Евразийского экономического союза.

Как известно, национальная процедура экспертизы и регистрации лекарственных средств прекращается с 1 июля 2021 года, а по медицинским изделиям – с 1 января 2022 года. Мы полностью переходим к регистрации лекарственных препаратов и медицинских изделий по нормам ЕАЭС.

Как видим, все больше регуляций становятся общими для стран – членов ЕАЭС, при этом роль ведущего партнера принадлежит Российской Федерации.

Предлагаемое в данное время на площадке Евразийской экономической комиссии создание наднационального регулятора ЕАЭС в сфере оборота медицинской продукции подразумевает полную централизацию функций по регистрации. Конкретно для Казахстана это потребует значительных усилий и финансовых затрат. Данный вопрос только еще обсуждается. Поэтому хотелось бы задать несколько вопросов.

Критично важным для нас является порядок трансфера в страну зарубежных фармтехнологий. Ожидается, что новые механизмы регуляции будут тормозить процесс производства новых препаратов, что закономерно приведет к их удорожанию и снизит конкурентоспособность на рынке стран ЕАЭС, а также отрицательно скажется на развитии отечественной фарминдустрии, что усилит зависимость страны от импорта лекарств в будущем.

Прошу ответить на следующие вопросы.

Планирует ли министерство совершенствовать процесс действующего лекарственного обеспечения?

Имеют ли Правительство и Министерство здравоохранения согласованную надотраслевую позицию в отношении перспективных регуляций ЕАЭС? Как это отразится на запланированном увеличении доли собственного фармпроизводства в долгосрочном периоде от 10 и более лет? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Алексей Владимирович, Вам слово.

ЦОЙ А.В. Спасибо, Акмарал Шарипбаевна.

Очень важные вопросы Вы поднимаете. В первую очередь вопросы по интеграции Казахстана в Евразийское экономическое пространство. Как вы знаете, у нас есть Соглашение о едином рынке лекарственных средств и медицинских изделий в рамках ЕАЭС. Принято порядка 91 акта, которые регулируют данный оборот.

Очень важно понимать, что рынок ЕАЭС для Казахстана стратегически важный, в том числе для отечественных товаропроизводителей. В Правительстве на особом контроле находится межсекторальное взаимодействие. Мы отдельными рабочими группами участвуем на площадке ЕАЭС.

Нужно понимать, что 200-миллионный рынок пяти стран ЕАЭС очень важен в том числе для инвесторов, потому что для инвестора, который приходит в Казахстан, недостаточен рынок Казахстана для производства серьезной фармпродукции, нужно, чтобы рынок был расширен.

Данное соглашение ЕАЭС позволяет отечественным товаропроизводителям расширить свой экспорт и выйти на внешние рынки, благодаря единой регистрации лекарственных средств, сразу одномоментно в пяти странах. Такой подход был изначально заложен для того, чтобы экспортный потенциал страны мог преодолеть барьеры, которые были между странами и регулировались отдельными законодательствами. Поэтому здесь больше выгода для Казахстана, доступ к более широким рынкам. При этом мы должны повысить качество своей продукции, применить международные стандарты, которые в рамках ЕАЭС утверждены для всех стран. То есть для нас это, наоборот, преимущество с точки зрения регулирования процессов. На наднациональном уровне также мы отработываем, и все риски, которые есть для Казахстана, конечно, учитываем.

Что касается лекарственного обеспечения и совершенствования, однозначно, мы такую работу проводим. Уже сейчас отработываются и завершаются правила формирования заявок лекарственных средств через регистр диспансерных больных. Это будет делаться автоматически, электронно с регионов, будет единая база сбора, чтобы потребности с регионов были адекватны, прозрачны. В том числе мы на уровне ТОО «СК-Фармация» проводим процедуру полных прозрачных электронных государственных закупок. То есть вообще не будет контакта между поставщиком и дистрибьютором, все процессы будут автоматизированы до электронных торгов. Такая работа проводится.

Также мы для прозрачности сейчас все электронные рецепты запускаем, после выдачи электронного рецепта будет направляться смс-уведомление о получении данного рецепта, что также повысит прозрачность выделения государственных средств.

По планированию в дальнейшем объемов лекарственных средств тоже работу мы проводим. По итогам первого полугодия будут скорректированы списки. Надо заметить, что за отчетный период, за предыдущий год, 31 процент средств дополнительно был выделен на амбулаторное лекарственное обеспечение. Спасибо

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос к Министру национальной экономики Асету Армановичу по эффективному использованию средств, выделенных на реализацию Дорожной карты бизнеса.

Согласно отчету Правительства, в 2020 году из республиканского бюджета на реализацию этой программы было запланировано 110 миллиардов тенге, в том числе за счет местных бюджетов было предусмотрено 39,5 миллиарда тенге, из которых в ходе исполнения бюджета 14,5 миллиарда тенге были перераспределены на другие направления вне программы.

По данным Счетного комитета, при реализации антикризисных мер в рамках Дорожной карты бизнеса имеют место завышенное планирование и последующая оптимизация расходов. Счетный комитет отмечает отсутствие должного мониторинга со стороны координатора государственной программы по большинству индикаторов и показателей, особенно за их достижением в регионах.

Так, улучшение показателя освоения бюджетных средств по целевым текущим трансфертам местных исполнительных органов в рамках Дорожной карты бизнеса обеспечено за счет сокращения ранее утвержденного плана в два раза. В связи с этим вопрос: почему из года в год повторяется такая ситуация? Скажите, пожалуйста, средства в регионах были перераспределены на другие направления по причине их не востребоваемости или неправильного планирования? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әсет Арманұлы, жауап беріңіз.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сағатханұлы! Уважаемые депутаты! Действительно, в прошлом году в рамках трансфертов общего характера регионам на поддержку малого и среднего бизнеса было выделено 39,5 миллиарда тенге. Принимая во внимание незапланированные мероприятия, которые возникли в результате распространения пандемии коронавируса, часть этих средств, а именно 14,5 миллиарда тенге, были направлены на неотложные нужды в сфере образования и здравоохранения,

Если говорить в целом об освоении средств, в прошлом году в рамках Дорожной карты бизнеса – 2025, как вы знаете, в непростых условиях, когда мы планировали антикризисные меры, меры поддержки малого и среднего бизнеса, были приняты беспрецедентные шаги в направлении облегчения доступа к государственной поддержке по субсидированию процентной ставки и по инструментам гарантирования. В частности, была снижена конечная процентная ставка до 6 процентов, были сняты все отраслевые ограничения, которые были в рамках Дорожной карты бизнеса – 2025, были расширены инструменты гарантирования. Все это требовало дополнительного финансирования из бюджета.

На практике мы увидели, что в результате тех карантинных ограничений, которые были введены, банки второго уровня снизили активность по выдаче новых кредитов, начали пересматривать свои модели рассмотрения и выдачи кредитов, переходить в онлайн-режим, пересматривать скоринговые системы.



Кроме того, были предоставлены, как вы знаете, Агентством по финансовому регулированию новые отсрочки по кредитам на три месяца для предпринимателей. Все это в комплексе привело к тому, что востребованность средств, которые были направлены на инструменты субсидирования и гарантирования в рамках Дорожной карты бизнеса – 2025, была ниже, чем планировалась изначально.

Конечно, есть ситуация, связанная с возвратом средств и в 2019 году. Это было связано с тем, что этот год был первым для реализации программы «Экономика простых вещей». Как вы знаете, данная программа финансируется в рамках Дорожной карты бизнеса – 2025. Неосвоение было связано прежде всего с тем, что основной фокус в реализации данной программы был сделан именно на ограниченном списке видов экономической деятельности. По результатам работы данной программы в 2019 году был проведен комплексный анализ, были сделаны определенные выводы. И на основе этой работы конечная процентная ставка, которая теперь в рамках программы «Экономика простых вещей» доступна для конечных получателей, составляет 6 процентов. Она была снижена и унифицирована с процентной ставкой, которая сейчас есть у нас в рамках Дорожной карты бизнеса – 2025.

Кроме того, был значительно расширен список Общего классификатора видов экономической деятельности (ОКЭД), в рамках которого можно финансировать, предоставлять льготное финансирование проектов.

Что касается мониторинга, то в этом году работа в данном направлении значительно усилена. Ежемесячно проводятся заседания Проектного офиса по предпринимательству под руководством Премьер-Министра. Там рассматривается ход реализации программ «Дорожная карта бизнеса – 2025» и «Экономика простых вещей». Эта работа ведется совместно с НПП «Атамекен». Палата проводит опрос среди предпринимателей. Таким образом мы узнаем, какие изменения необходимо внести в данные программы, чтобы они отвечали тем требованиям и решали те вопросы, которые сегодня есть у предпринимателей.

По тем стратегическим показателям, которые есть в рамках данных программ, нами проводится мониторинг на основе данных, которые мы получаем и от Бюро национальной статистики, и от Комитета государственных доходов. И мы в рамках Проектного офиса по предпринимательству ежемесячно докладываем об этом Премьер-Министру. Спасибо.

ТӨРАҒА. Асет Арманович, большая работа ведется, этого никто не отрицает. Но в целом мы сегодня видим какую ситуацию? На поддержку малого и среднего бизнеса государством выделяются значительные бюджетные средства в виде льготных кредитов, гарантий, грантов. Сегодня у нас есть ряд программ, которые где-то, может быть, даже дублируют друг друга. Это Дорожная карта бизнеса – 2025, программа «Енбек», программа «Экономика простых вещей», Программа льготного кредитования субъектов малого и среднего предпринимательства, которую, насколько я знаю, Национальный Банк финансирует. Есть Программа развития агропромышленного комплекса, где вопросы бизнеса на селе тоже предусмотрены. Есть Программа развития регионов. Есть ГПФИИР, в которой, может быть, индустриальные проекты, тем не менее это средний бизнес. И сегодня мы видим, что по ряду программ, по ряду направлений есть дублирование. Может быть, это одна из причин неосвоения средств, которые выделяются по той или иной

программе. Поэтому нужно со временем рассмотреть вопрос о том, чтобы все эти программы как-то объединить в рамках единой площадки, в рамках единого подхода или единого документа, сделать единое координирование и скоординированно реализовывать их.

Все перечисленные мной программы в той или иной мере касаются финансирования малого и среднего бизнеса, микробизнеса. Поэтому мы, видимо, подходим к такому этапу, когда нужна большая координация именно в реализации этих программ по поддержке малого и среднего бизнеса.

Следующий момент – вопрос единого окна, где предприниматели могли бы получать услуги, где могли бы ознакомиться со всеми этими программами, их возможностями, участвовать в этих программах. Вопрос же не первый год поднимается, об этом мы и раньше говорили, и в прошлом году говорили.

Сейчас Правительство реализовывает вместе с НПП «Атамекен» электронный портал «Правительство для бизнеса», который, как предполагается, будет такой единой площадкой, единым окном для бизнеса. Пока пилотный проект реализуется, услуги этого портала ограничены. В принципе, мы посмотрели перед этим заседанием, как он функционирует. Собственно говоря, пока все на начальном этапе, то есть он свои функции пока не выполняет. Таким образом, пока у нас единого окна, о чем не раз говорил Глава государства, для бизнеса нет.

Представьте себе, предпринимателю районного уровня разобраться во всех перипетиях этих программ, выбрать для себя нужную, потом оформить документы, поучаствовать, пройти весь этот путь, это очень непросто. Какая программа больше подходит, где для него более интересно будет, как ему получить больше возможностей из этих программ? Это единое окно, видимо, должно помогать таким предпринимателям районного уровня, областного уровня, микробизнесу получать весь спектр государственных услуг, государственной помощи по поддержке бизнеса.

Поэтому мы очень надеемся, что портал «Правительство для бизнеса» в предстоящий период заработает. Мы готовы эту тему отдельно обсудить по необходимости на заседании, может быть, профильного комитета и внести свой вклад в реализацию этой задачи, поставленной руководством, по созданию единого окна для бизнеса, где они могли бы использовать все возможности и выбрать для себя необходимые программы для участия.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне.

Құрметті Серік Жамбылұлы! 2020 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 73,5 миллиард теңге бөлінген. Жыл қорытындысы бойынша орындалуы 99 пайызды, игерілмеуі 704 миллион теңгені құраған.

Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында қоныс аударушылар үшін тиісті тұрғын үй сатып алынбауы себебінен бөлінген қаражаттың едәуір бөлігі игерілмеген.

Үкіметтің есебіне сәйкес Павлодар облысында тұрғын үй сатып алу бойынша жоспар орындалмаған. Мысалы, 354 бірліктің 307 бірлігі нақты сатып алынған, 536 миллион теңгесі игерілмеген. Сонымен қатар Солтүстік Қазақстан облысында тұрғын үй сатып алу толығымен жүзеге асырылғанына қарамастан 106 миллион теңге пайдаланылмаған.

Ең өзекті мәселенің бірі – қоныс аударушыларға арналған үйлердің сапасыз салыну фактілері азаяр емес. «Еңбек» бағдарламасы аясында Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Саумалкөл ауылына қоныс аударған азаматтар үшін салынған жаңа үйлерде су жоқ, жол жоқ, электр энергиясы жиі сөнеді, қыста үйлердің қабырғалары сыр беріп, көгеріп кетеді. Мұның бәрі – қазір айтылып отырған жаңадан салынған үйлер.

Сенаторлар аталған жағдайларды қоныс аударушыларды қабылдайтын басқа да өңірлерден байқап, көріп жүр. Үкімет есебінде еңбекке қабілетті қоныс аударушыларды жұмысқа орналастыру көрсеткіші өткен жылы 93 пайызға орындалған деп көрсетілген, бірақ бұл жұмыс орындарының тұрақты немесе уақытша екендігі белгісіз. Сонымен бірге уәкілетті орган және жергілікті әкімдік оңтүстіктен солтүстікке көшіп келушілерге барлық тиісті жағдай жасап, тұрақты жұмыспен қамтып, лайықты өмір сүру сапасымен қамтамасыз етуі керек.

Осыған байланысты сұрақ:

1. Сіздің министрлік тарапынан бағдарламаның тиімділігін талдау және оған тұрақты мониторинг жүргізілді ме?

2. Қоныс аударушылар үшін тұрғын үй құрылысының сапасыз салыну фактілерін болдырмау мақсатында қандай шаралар атқарып жатырсыздар?

3. 2020 жылы қоныс аударушыларға қанша жұмыс орны ашылды және оның қаншасы тұрақты жұмыс орны? Рақмет.

ТӨРАҒА. Серік Жамбылұлы, жауап беріңіз.

ШӨПКЕНОВ С.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Айгүл Жарылқасынқызы! 2019 жылдан бастап біздің «Еңбек» бағдарламасында арнайы бір бөлім ашылған болатын. Ол еліміздің солтүстік өңірлеріне қоныс аударушыларға жағдай жасау, соның ішінде тұрғын үй сатып алу бойынша.

Былтырғы жылы осы бағдарлама іске асырылғаннан бастап Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 1 мың 35 тұрғын үй сатып алынды, Павлодар облысы бойынша 307 тұрғын үй сатып алынды (республикалық бюджеттен).

Жаңа өзіңіз айтып өткендей, былтырғы жылы 536 миллион теңге Павлодар облысы бойынша игерілмеді. Оның негізгі себептерін айтатын болсақ, 91 миллион теңге – үнемдеу, 445 миллион теңге – мердігерлердің болмауынан болды. Ал Солтүстік Қазақстан бойынша айтатын болсақ, 106 миллион теңге – үнемдеу қаражаттары.

Жаңағы қойып отырған сауалыңыз өте орынды. Біз негізінен министрлік тарапынан әрдайым осы «Еңбек» бағдарламасына, соның ішінде қоныс аудару бағыты бойынша да мониторинг жүргіземіз. Соның ішіндегі ең үлкен мәселе – осы қоныс аударушылардан түсіп жатқан арыз-шағымдар. Бұл осы сатып алынған тұрғын үйдің сапасы жөнінде көтеріліп жүр.

Ең бірінші былтырғы қараша-желтоқсан айларында көтерілді Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар және Аққайың аудандары бойынша. Былтырғы жылы біздің министрлік өкілдері барып, қарап, осы мәселелер бойынша әкімдікпен бірлесе отырып ол кемшіліктер жойылды. Ал биылғы жылы осы Айыртау ауданы бойынша Саумақөл ауылындағы мәселе көтерілді. Әрине, бұл мәселелер көтерілген сайын біздің министрліктен арнайы топ шығып, барып, қарастырамыз.

Негізгі себептері – жөндеу жөніндегі ағымдағы мәселелер де бар, сонымен қатар күрделі мәселелер де бар. Мысалы, жылу жүйесінің кемшіліктерінің көп болуы. Сондықтан біз ол жерге сапасы жағынан бақылау жүргізу бойынша Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй комитетін өзімізбен бірге алып барған болатынбыз. Қазіргі таңда осы кемшіліктерді жою бойынша Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірге Жол картасы жасақталды және осы 1 шілдеге дейін бұл кемшіліктердің барлығы жойылатын болады. Болашақта бұндайды болдырмау мақсатында қазіргі таңда әкімдікпен бірлесе отырып, сатып алу кезінде сапасын бақылау мәселелерін қарайтын боламыз.

Жаңа айтылған жол, су мәселелері негізінен әкімдік тарапынан осы тұрғын үй салынып жатқан кезде бірге бірлесіп жүруі керек. Былтырғы жылғы құрылыс мәселелерінің кейінге қалдырылуына байланысты бұл мәселелер шешімін таппаған. Бірақ Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі болашақта шешімдерін табады деп бізге қолхаттарын беріп отыр.

Жұмысқа көшуге байланысты 2020 жылды айтатын болсақ, былтырғы жылы 6 мыңға жуық адам көшірілген болатын. Оның 75 пайызы жұмысқа жарамды. Қазіргі таңда осы жұмысқа қабілетті азаматтардың 81 пайызы тұрақты жұмыс орнына орналасты. 12 пайызы негізінен студенттер және бала күтіміндегі әйел адамдар болып отыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Благодарю Вас.

У меня вопрос к Министру сельского хозяйства.

Уважаемый Сапархан Кесикбаевич! Эффективным механизмом поддержки субъектов агропромышленного комплекса в нашей стране остается субсидирование. Государство ежегодно выделяет значительные средства на оказание финансовой поддержки сельхозпроизводителям.

Так, в рамках Государственной программы развития агропромышленного комплекса на 2017 – 2021 годы из республиканского и местного бюджетов выделено 2,9 триллиона тенге. Однако имеют место факты неэффективного, нецелевого использования и хищения бюджетных средств.

Кроме того, механизм выдачи субсидий непрозрачен и является одним из коррумпированных сфер, о чем свидетельствует большое количество возбужденных коррупционных дел.

За период реализации Государственной программы развития агропромышленного комплекса расследовалось 144 уголовных дела. В итоге установленный ущерб государству составил более 2,1 миллиарда тенге.

К примеру, Управлением сельского хозяйства Алматинской области в 2016 – 2018 годах для удешевления стоимости производства говядины и затрат на откорм бычков крестьянскому хозяйству «Шадиев Ф.К.» выплачены субсидии на сумму 451 миллион тенге. В свою очередь, крестьянское хозяйство 50 процентов из указанной суммы получило путем представления фиктивных документов о забое бычков и реализации говядины, что привело к причинению ущерба государству и хищению бюджетных средств в размере 222 миллионов тенге.

Правительство не может не знать об этой острой проблеме в системе агропромышленного комплекса. В этой связи у меня возникают вопросы.

1. Какие конкретные меры прорабатываются Министерством сельского хозяйства для совершенствования сферы субсидирования агропромышленного комплекса?

2. Какие меры предпринимаются Министерством сельского хозяйства в целях предупреждения коррупции в сфере агропромышленного комплекса? Спасибо.

ТӨРАҒА. Сапархан Кесікбайұлы, жауап беріңіз.

ОМАРОВ С.К. Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемый Андрей Иванович! Сначала разрешите пояснить, 2,9 триллиона тенге предусмотрено по программе, фактически выделено 1,9 триллиона тенге. На сегодняшний день субсидирование сельхозтоваропроизводителей реализуется по 12 направлениям, из них 10 направлений поэтапно переданы местным исполнительным органам, 2 направления реализуются через Министерство сельского хозяйства. Это инвестиционные субсидии и субсидирование ставки вознаграждения. Все виды субсидирования на сегодняшний день автоматизированы.

По инвестиционным субсидиям. К примеру, купил трактор, получил субсидию. Привлек кредит, получил субсидию. Здесь все прозрачно.

Основные нарушения допускаются на уровне местных исполнительных органов либо со стороны самих сельхозтоваропроизводителей.

Во избежание коррупционных рисков на сегодняшний день министерством максимально упрощены все правила субсидирования, полностью автоматизировано. Увеличен охват мелких и средних хозяйств. Все субсидии в растениеводстве объединены. Если раньше было порядка 8-9 правил, то сейчас мы их объединили в одни правила, чтобы было понятно.

Если говорить о проводимой работе, на сегодняшний день совместно с Антикоррупционным агентством создана межведомственная комиссия, которая будет проводить комплексный анализ механизмов субсидирования сельского хозяйства, основная цель которого – устранение коррупционных рисков именно субсидирования.

По итогам работы межведомственной комиссии при необходимости будут вноситься изменения в правила субсидирования сельского хозяйства.

По второму вопросу о проводимой работе в целях предупреждения коррупции. 94 процента всех государственных услуг, которые оказываются через Министерство

сельского хозяйства, на сегодняшний день автоматизированы. Остальные 6 процентов мы планируем до конца текущего года автоматизировать. Исключение человеческого фактора, мы думаем, поможет уменьшить коррупционные факты.

На сегодняшний день при Министерстве сельского хозяйства работает «Адалдық алаңы». При нем создан экспертный совет из числа представителей общественности и бизнеса. Работа экспертного совета проводится на постоянной основе. Каждый день поступают предложения со стороны общественности и бизнеса. По результатам мы принимаем решения. К примеру, по фитосанитарным и ветеринарным сертификатам сроки выдачи сокращены в несколько раз, количество документов сокращено.

По земельным вопросам тоже коррупционные моменты были отражены в том законопроекте, который сейчас рассматривается в Парламенте.

По итогам работы экспертного совета, который постоянно общается с общественностью и бизнесом, мы вносим изменения во все нормативные документы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министріне.

Біз жақында Түркістан облысында Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің көшпелі отырысын өткіздік. Қазірдің өзінде Оңтүстік Қазақстан облысының барлық жерінде суару суының тапшылығы қатты байқалуда.

Халықаралық сарапшылар атап өткендей, біздің басты проблемамыз – суды жоспарлау, бақылау және пайдалану жүйесінің тиімсіздігінде, яғни біздің еліміздегі су дағдарысы ең алдымен басқару дағдарысының салдарынан болып отыр.

Бірнеше мысал келтірейін. Су ресурстары комитетінің өзінде қызметкерлердің көпшілігінің салалық жұмыс тәжірибесі жоқ, 38 адамның 18-і немесе тек қана 40 пайызы су шаруашылығы мамандары. Жалпы «Қазсушар» кәсіпорын жүйесінде қызметкерлердің тек жартысы ғана тиісті бейіндік білімге ие, олардың көбісі зейнетке дейінгі жаста. 761 өзен, 529 көл, 71 су қоймасы орналасқан Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясында бар болғаны 21 маман жұмыс істейді. Төрт облыстың аумағын қамтитын Жайық-Каспий бассейндік инспекциясында қызметкерлердің жалпы саны 12 адам.

Су шаруашылығына керек мамандар тіпті университеттердегі мамандықтардың классификаторында да жоқ. Ал бұл саланы өзгерту үшін бізге су өнімдеу және цифрлық технологияларды меңгерген заманауи кадрлар керек.

Жоғары оқу орындарында су мамандарын даярлау сапасын арттыру, Жамбыл гидромелиоративтік институтын қалпына келтіру, Қазақстанда су проблемалары бойынша әлемдегі жетекші университеттердің филиалын ашу, су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жандандыру, білімді арттыру және мамандарды қайта даярлау жөніндегі өңірлік орталықтарды құру қажеттілігі туралы көптеген жылдар бойы айтылып келеді. Бірақ бұл мәселелер бүгінге дейін шешімін таппады. Енді қанша күтеміз, судың да сұрауы бар емес пе?

Су объектілерінің көпшілігінде қазірге дейін гидрологиялық бекеттер жоқ, сондықтан біз елімізде қанша су қоры бар екенін білмейміз. Траншекаралық өзендер туралы халықаралық келіссөздерде біз ғылыми негіздемелеріміздің әлсіздігінен және комиссия мүшелерінің жиі өзгеріп отыруынан ұтылып жатамыз. Атап айтқанда, осы бағытта біз қытайлық әріптестерімізден едәуір артта қалып отырмыз. Бұл – біздің көршілерімізбен су бөлісу мәселесінде әлсіз тұсымыздың бірі. Осылайша елімізде стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы саласын кадрлық және ғылыми қамтамасыз ету мәселелері толғағы жеткен сұраққа айналды.

Второе. По вопросу развития аграрной науки. Сейчас мы воочию убеждаемся, какие потери несет наш агропромышленный комплекс в связи с отставаниями в научном обеспечении отрасли.

Министерство финансов обосновывает недостаточное финансирование аграрной науки дефицитом бюджета. Однако ежегодно почти 7 миллиардов тенге бюджетных средств расходуется на субсидирование семян иностранной селекции. На закуп племенного скота за рубежом потрачено более 500 миллионов долларов США, часть из которых это государственные субсидии.

О каком развитии аграрной науки может идти речь, если ученые уже полгода сидят без государственного финансирования?

Мы предлагаем новый эффективный формат организации аграрных научных исследований.

Во-первых, одной из причин появления «сырых», невостребованных сельскохозяйственным производством научных разработок является ограниченность сроков проведения аграрных исследований тремя годами. Нигде в мире за такое короткое время новые сорта и агротехнологии не создаются. Поэтому в аграрной сфере предлагаем ввести долгосрочные научно-технические программы на 5-15 лет в зависимости от поставленных задач и с учетом внедрения научных разработок в производство. Такова мировая практика.

Во-вторых, такие исследования должны быть направлены на решение стратегически важных задач в агропромышленном комплексе и реализовываться вне конкурсных процедур, то есть без конкурсов.

Уважаемый Алихан Асханович, мы уверены, что, убрав вышеуказанные барьеры в развитии аграрной науки, сможем уже в ближайшее время восстановить научное обеспечение агропромышленного комплекса. Просим Вашей поддержки.

В заключение я бы хотел обратиться к Председателю Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Годуновой Наталье Николаевне.

Сейчас самой главной проблемой в нашем обществе является подорожание продуктов питания. Многие наши граждане, что называется, еле сводят концы с концами. Ровно девять месяцев назад группа сенаторов обратилась к Вам по поводу низкой эффективности механизма стабилизации цен на продовольственные товары через субъектов торговли, привели конкретные причины этого и указали на коррупционные составляющие в этой схеме.

Однако создается парадоксальная ситуация. Десятки миллиардов тенге государственных средств идут на финансирование торговых центров, цены растут.

Депутаты указывают на конкретные недостатки мер государственной поддержки, но никто не может досконально и объективно разобраться, как тратятся бюджетные деньги по этому социально важному проекту, вывести на свет имеющиеся там нарушения.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Уважаемый Маулен Сагатханулы, уважаемые коллеги! В своем выступлении хочу остановиться на отдельных вопросах приватизации субъектов квазигосударственного сектора, тем более мы этот вопрос сегодня затрагивали. Мы внимательно рассматривали данные проблемы на заседаниях нашего комитета.

В 2020 году завершена реализация Комплексного плана приватизации на 2016 – 2020 годы. В целом поступления от продажи 490 объектов составили 609,2 миллиарда тенге, из них на субъектов квазигосударственного сектора пришлось только 80 процентов от всех поступлений. В то же время за 2017 – 2020 годы в Национальный фонд фактически поступило 7 процентов от суммы продаж.

Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета в своем заключении связывает это с предоставленным Правительством правом субъектам квазигосударственного сектора направлять средства на погашение их внешнего и внутреннего долга. Хотя на 1 января 2021 года долг увеличился к уровню 2019 года на 2 триллиона тенге и составил рекордные 38 миллиардов долларов США. Что тут гасится, непонятно.

С другой стороны, по оценке Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, из 192 объектов квазигосударственного сектора фактически продано чуть более половины (105 объектов, или 55 процентов), а из оставшихся 87 объектов ликвидированы 80 процентов. В то же время объем финансирования субъектов квазигосударственного сектора из республиканского бюджета сохранился на постоянном уровне в виде ежегодного пополнения бюджетов этих предприятий или увеличения уставного капитала.

Однако вместо ожидаемого освоения новых технологий и финансового оздоровления проблемных предприятий принимается странное решение об их приватизации. Где здесь эффективность, последовательность и результативность принятых мер? Возможно, это оправдано рыночным подходом, однако зачем тогда было отвлекать бюджетные средства, когда и без того доходная часть бюджета прошлого года была сформирована почти на 40 процентов за счет трансфертов Национального фонда? Нам объясняют, что средства, вложенные государством, будут учтены в цене. Но мы же знаем по нашему опыту, что инвестор заинтересован в приобретении подобных активов по наиболее дешевой цене. Я сам 20 лет проработал на таком предприятии, мы покупали только по минимальным ценам.

Если это является результатом 100 процентов освоения бюджетных средств, то нам непонятно, чем тогда руководствовались ответственные лица, вначале убеждая нас в ходе рассмотрения республиканского бюджета в необходимости пополнения уставного

капитала, а следом в тот же год принимать решение об их приватизации? Причем заранее предусматривается процедура ликвидации этих объектов. Мало того, что это вызывает обоснованные сомнения, к тому же работники этих предприятий остаются без работы, а это тысячи людей.

Одно дело, когда речь идет о проблемных компаниях, но в перечень включают и такое предприятие, как, например, «Тыныс», которое на протяжении ряда лет показывает положительную и устойчивую динамику роста. Там же осуществляется выпуск аппаратов искусственной вентиляции легких. В соответствии с решением Правительства данное предприятие ожидает приватизация с дальнейшей ликвидацией, если по итогам трех торгов не определится покупатель.

С учетом изложенного предлагается направить в Правительство предложения в виде рекомендаций следующего содержания.

Первое. Пересмотреть подходы приватизации организаций квазигосударственного сектора, исключив из них предприятия, уставной капитал которых годом ранее пополнялся за счет республиканского бюджета, а также имеющие положительную динамику доходности.

Второе. Рассматривать пополнение уставного капитала организаций как исключительную меру государственной поддержки, обязательно имея ясное и четкое представление об эффективности вложенных со стороны государства финансовых средств и персональной ответственности за принятие подобных решений.

Третье. Ориентировать промышленный комплекс на производство продукции, действительно востребованной на рынке, исключая практику навязывания государственного заказа ради поддержки отечественных предприятий.

Особо внимание уделять мерам увеличения уровня локализации производства продукции, решению вопросов соотношения цены, качества продукции и услуг, поскольку имелись факты, когда одна и та же продукция предлагалась в различном ценовом диапазоне.

Надеемся на конструктивный подход.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спasiбо.

Сөз депутат Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы. Өте қысқа айтамын.

Во-первых, я поддерживаю отчет Правительства со всеми высказанными замечаниями депутатов.

Хочу сказать пару слов, чтобы мои коллеги, руководство Сената знали, что у руководства в сфере авиации стоят люди, которые не только никогда не работали в авиации, но даже не имеют специального среднего, не говоря о высшем, образования. Поэтому понятно, какого качества принятые отчеты. Это первое.

Второе. Переданы государственные функции Республики Казахстан не гражданину Республики Казахстан. В руководстве так называемой Авиационной администрации



Казахстана сегодня находится гражданин Великобритании, заместителем является гражданин США.

Руководители, которые не имеют образования, даже басню Крылова не читали: «А вы, друзья, как не садитесь, все в музыканты не годитесь». Мало говорить, надо еще иметь определенные специальные знания.

Это мои высказывания на сегодняшний день.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Осымен талқылау аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді шешім қабылдайық.

Бүгінгі ұсыныстарды ескере отырып, Палаталардың бірлескен отырысына Сенат атынан қосымша баяндама әзірлеу Қаржы және бюджет комитетіне тапсырылады және қосымша баяндама жасау депутат Перепечина Ольга Валентиновнаға жүктеледі.

Құрметті әріптестер, басқа пікірлер болмаса, онда Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері жөніндегі тиісті қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Үкімет пен Есеп комитетінің есептері 2020 жылға арналған республикалық бюджеттің негізгі параметрлері орындалғанын көрсетіп отыр. Жалпы, өткен жылдың өте күрделі болғаны белгілі.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша пандемиямен күрес жұмыстары қарқынды түрде жүргізілді. Соның аясында Үкімет азаматтарымызды қорғау және экономиканы, оның ішінде ең алдымен шағын және орта бизнесті қолдау үшін дағдарысқа қарсы кешенді шаралар қабылданды. Парламент депутаттары да Үкіметпен тығыз жұмыс істей отырып, коронавирус дағдарысының салдарын еңсеруге өз үлестерін қосты.

Қазіргі таңда жағдай біртіндеп тұрақталып келеді. Биылғы бес айда экономиканың өсімі 1,6 пайызды құрап отыр. Жаппай вакцина егу де қарқын алып келеді. Осыған орай пандемияға байланысты шектеулерді алуға мүмкіндік туады деп сенеміз.

Мемлекет басшысы белгілеп берген міндеттердің келесі кезеңін іске асыру үшін де Үкімет мүшелері мен Парламент депутаттары, бәріміз жұмыла жұмыс істеуіміз қажет.

Алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі экономикалық өсімді қалпына келтіру және азаматтарымыздың өмір сүру деңгейін арттыру екені анық. Осыған байланысты Есеп комитеті мен сенаторлар бүгін бірқатар проблемаларды орынды көтерді. Алдағы уақытта Үкімет бұл мәселелерге назар аударып, жұмыста ескереді деп ойлаймыз.

Біріншіден, республикалық бюджетті кірістер мен шығыстар тұрғысынан теңгерімді етуге ұмтылуымыз керек. Қазір бюджеттің Ұлттық қорға байланысты қалыптасатынын көріп отырмыз.

Мамыр айында 2021 жылғы бюджетті нақтылау кезінде Ұлттық қордан трансферт арқылы қосымша 850 миллиард теңге бөлікті. Бұл аса қажет шешім болды. Бөлінген қаражат мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындауға және медициналық қызметкерлер мен зардап шеккен кәсіпорындарды қолдауға бағытталды.

Енді біз бюджеттің шығыстарын тұрақтандыру мәселесін ойлануымыз керек. Бес жылдың ішінде республикалық бюджеттің шығыстары 2 есеге дейін өскен. Оның үстіне 2020 жылы шығыстардың тек 44 пайызы «таза кірістер» есебінен жабылған. Ал қалған 36 пайызын Ұлттық қордан трансферттер мен 20 пайызын қарыздар құрап отыр. Оны бүгін әріптестеріміз айтты. Осыған байланысты депутаттарды бюджет тапшылығының өсімі алаңдатады.

Мұндай үрдісті өзгерту қажет. Біз бұл жөнінде мамыр айында бюджетке енгізілген түзетулерді қараған кезде де айтқан едік. Біз қарыздарды көбейте бермей, болашақ ұрпақтың қорын ысырап етпей, «қалтамызға» қарай өмір сүруіміз керек деп есептейміз.

Екіншіден, бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін тиімсіз шығындарды оңтайландыру және қысқарту қажет. Есеп комитетінің деректері бойынша 2020 жылы тиімсіз жұмсалған және игерілмеген бюджет қаражатының көлемі шамамен 570 миллиард теңгеге жеткен. Бұл – 2019 жылғы көрсеткіштен 33 пайызға көп.

Аудит органдары мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде жіберілген едәуір көп бұзушылықтарды және тиімсіз жоспарлау фактілерін анықтады. Сондай-ақ соңғы жылдары квазимемлекеттік субъектілерді қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен ауқымды қаражат бөлініп келеді. 2020 жылы бұл көрсеткіш 817 миллиард теңгеден асқанын бүгін айттық. Сонымен бірге қаражаттың айтарлықтай көлемі тиімсіз жұмсалатыны анықталған.

Квазимемлекеттік сектордың 25 субъектісін қамтыған аудит қорытындысы бойынша Есеп комитеті шамамен 380 миллиард теңгені құрайтын бұзушылықтарды анықтаған. Осыған орай Үкіметтен жауапты тұлғаларға қатысты тиісті шаралар қолдануды және болашақта мұндай бұзушылықтардың алдын алуды сұраймыз.

Сонымен қатар бюджеттің тиімсіз шығындарын қысқарту үшін жекешелендіруді жеделдету маңызды болып отыр. Жекешелендірудің 2020 жылға дейінгі кешенді жоспарының 62 пайызы ғана орындалған. Оның үстіне жекешелендіру жұмыстарын жүргізудің өзі көптеген мәселелер туғызып отыр. Бүгін Сенат депутаттары ол жайында айтып өтті. Бұл жерде барлық рәсімнің ашықтығын және мемлекет үшін тиімділігін қамтамасыз ету аса маңызды.

Үшіншіден, тиімсіз шығындарды қысқарта отырып, онымен бірге ел бюджетіндегі экономиканың өсіміне салынатын қаражаттың үлесін ұлғайту қажет деп есептейміз.

2020 жылдың қорытындысы бойынша бюджет шығыстарының 61 пайызы ағымдағы мұқтаждықтарға жұмсалған. Тек 15 пайызы ғана даму мақсаттарына бағытталған.

Экономикадан түсетін «таза кірістер» республикалық бюджеттің шығыстарын жаппай отырған қазіргі жағдайымызда өсу драйверлеріне баса мән беру керек деп есептейміз, яғни бюджет қаражатын өндіріс кәсіпорындарын салуға немесе реконструкциялауға, инфрақұрылымға, коммуникацияға, бизнесті кредиттеу мен субсидиялауға және тағы басқа инвестициялық мақсаттарға бағыттаудың маңызы зор.

Құрметті әріптестер! Біз бүгін Үкімет пен Есеп комитетінің есептерін егжей-тегжей талқыладық. Үкіметтің, жалпы атқарушы органдардың Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін ауқымды жұмыс жүргізіп жатқанын көріп отырмыз.

Сенаторлар індеттен кейінгі кезеңде де еліміздің серпінді дамуын қамтамасыз ету үшін Үкіметпен қоян-қолтық және конструктивті түрде жұмыс істеуге дайын. Осы ретте Есеп комитеті басшылығының да белсенділігі мен біліктілігін ерекше атап өткім келеді.

Үкімет бүгін айтылған барлық ұсыныстар мен пікірлерді алдағы жұмысында ескереді деп сенеміз.

Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банктің, Есеп комитетінің және ұлттық компаниялардың басшылығына бүгінгі отырысқа қатысқандары үшін алғыс айтамын. Істеріңізге табыс пен сәттілік тілейміз.

Сөз Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Смайылов Әлихан Асханұлына беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Үкімет есебін қолдағандарыңыз үшін сіздерге үлкен алғысымызды айтамыз.

Есепті қарау барысында да және бүгін де бірқатар мәселелерді көтердіңіздер. Біз оны міндетті түрде Үкіметтің жұмысында ескеретін боламыз, сіздермен бірге жұмыс жасаймыз. Сіздерге рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Әрі қарай да бірлесіп, нәтижелі жұмыс істейміз деп сенеміз. Жұмыстарыңызға табысты тілейміз. Сау болыңыздар.

Бейнеконференц байланысы өшірілсін.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі екінші және үшінші мәселе мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша заң жобалары – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Екі заң жобасы бір-бірімен байланысты болғандықтан оларды бірге қарау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Олай болса, екі заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Тұрғымбаев Ерлан Заманбекұлына беріледі.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Заң жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Фельдъегерлік қызметті ұйымдастыратын құзырлы орган – Премьер-Министрдің Кеңесі.

Фельдъегерлік қызметтің міндеті:

Үкіметтің хат алмасу жұмысын қамтамасыз ету;

мемлекеттік органдардың аса маңызды және құпия хаттарын тасу;

арнайы пошталарды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдерге жеткізу.

Бұл бөлімнің қызметкерлері ішкі істер органдарының кадрында тіркелген, сондықтан олар қарумен, формамен және арнайы құралдармен қамтамасыз етілген. Бірақ ішкі істер органдарының қызметкерлері сияқты қылмыс ашып, тергеу жүргізбейді. Сондықтан ішкі істер органдарының құрамына және штат бірліктеріне кірмейді.

Заң жобасын жасау кезінде халықаралық тәжірибе зерттелді. Бірқатар ТМД елдері «Фельдъегерлік байланыс туралы» арнайы заң қабылдаған. Олар Ресейде, Тәжікстанда, Молдовада, Әзірбайжанда, Түрікменстанда және Арменияда.

Біз дайындаған заң жобасының мақсаты:

фельдъегерлік қызметтің құқықтық статусын бекіту;

басқа елдермен фельдъегерлік байланыс тәртібін жасау;

қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін әлеуметтік кепілдіктер бекіту.

Екінші заң жобасы арқылы «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерту енгізіледі. Ол жерде фельдъегерлік қызметті ұйымдастыру пунктін алып тастау жоспарланған. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңға өзгерту енгізіледі.

Мемлекет басшысы учаскелік инспектордың мәртебесін көтеруді тапсырды.

1. Учаскелік қызметкерлердің құзыреті кеңейді және учаскелік инспектордың көмекшісі лауазымы енгізіледі.

2. Дактилоскопиялық тіркеу уақытын 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін созу қарастырылған.

3. Төтенше жағдайлар қызметі жаңа министрлік болып құрылуына орай бірқатар өкілеттіктер басқа мемлекеттік органдарға беріледі. Азаматтық қорғау бөліністеріне тергеу жүргізу құзыреті беріледі, ал өрт сөндіру қызметі өз алдына жаңа статуспен құқық қорғау органдарының ішіне кіреді.

Құрметті депутаттар! Заңдарды қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мой вопрос адресован Министерству внутренних дел.

Уважаемый Ерлан Заманбекович! В своем докладе Вы отметили о поправках, связанных с расширением полномочий участковых инспекторов, теперь они смогут вносить

представления об устранении причин, способствующих совершению правонарушений. Определяется статус помощников участковых инспекторов.

В то же время хочу напомнить, что мои коллеги в этом зале ранее на правительственном часе по сервисной модели полиции поднимали вопросы хронической нехватки численности и загруженности участковых, особенно в сельской местности по причине их удаленности.

В этой связи следующие вопросы. Как принимаемые поправки повлияют на эффективность работы участковых? Помогут ли они работать на упреждение правонарушений, а главное, на развитие сервисной модели полиции, как отметил Глава государства в своем Послании народу Казахстана? Просчитана ли нагрузка на участковых в свете их новых полномочий? Рақмет.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Спасибо большое за вопросы.

На самом деле это актуальные вопросы. Дело в том, что на сегодняшний день участковые инспектора разделены на городских и сельских. Нагрузка высчитана. В городе нагрузка на каждого участкового инспектора составляет 2300 человек, а в селе – 1800 человек.

В то же время большая проблема в том, что территория Казахстана большая. Есть отдаленные районы, от районного центра некоторые села находятся на расстоянии 100-150 километров, 3-4 поселка обслуживает только один участковый инспектор. Для того чтобы подписать простое представление, он вынужден ехать за 150 километров к начальнику районного подразделения, и это представление привезти в свой отдел полиции, чтобы вручить правонарушителю.

В этом законе мы уполномочиваем самостоятельно принимать решение, то есть расширяем его полномочия, добавляем четыре статьи в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях. Наиболее актуальные в части нарушения правил парковки автотранспорта, то есть те нормативные документы, которые помогут участковым на местах принимать оперативное решение. Это важно.

Второе. Мы вводим статус помощника участкового инспектора. Кто такой помощник? На сегодняшний день он регламентирован только приказом Министра внутренних дел. У него нет правовых полномочий. Сейчас, внося в закон статус помощников участковых инспекторов, мы вводим то, что они смогут привлекать к административной ответственности.

В то же время в сельской местности у нас, как я уже сказал, один участковый. Мы введем туда помощников участковых инспекторов. На сегодняшний день, по нашим расчетам, необходимо ввести около 2 тысяч именно в районные подразделения. За счет внутреннего перераспределения мы планируем после принятия закона около 2 тысяч помощников ввести. В основном они будут находиться в сельской местности.

Почему не в городах? Потому что у нас патрульная полиция в основном сконцентрирована в городах. То есть если что-то происходит, первой прибывает патрульная полиция, потом участковый инспектор. В сельской местности наоборот, приезжает в первую очередь участковый инспектор, кроме него, там никого нет. Поэтому участковый

инспектор вдвоем с помощником будут осуществлять все функции правоохранительных органов.

Также на помощника участкового инспектора будут возложены обязанности по делам несовершеннолетних, потому что на местах в районных подразделениях только один инспектор по делам несовершеннолетних. Как вы знаете (и последние события в Казани показали), у нас есть маленькие школы, где практически участкового инспектора по делам несовершеннолетних никогда и не было. Поэтому помощник участкового инспектора будет осуществлять и эту функцию.

И еще один немаловажный вопрос. В рамках социальной поддержки в течение трех лет будет повышаться зарплата участковых инспекторов, чтобы поднять их статус. И социальный вопрос по обеспечению жильем тоже будет решаться в течение этого времени поэтапно. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ, Ерлан Заманбекұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және шақырылған лауазым иелері! Қаралып отырған «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Заң жобасы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы фельдъегерлік қызметке қатысты салалық заңды әзірлеуге, сонымен қатар Ішкі істер министрлігінің қызметін жаңғыртуды заңнамалық қолдауға бағытталған.

Заң жобасы:

фельдъегерлік байланыс қызметінің міндеттері мен қағидаттарын айқындауын;

ТМД елдерінің мемлекеттік органдарымен және фельдъегерлік қызметтерімен өзара іс-қимыл тәртібін белгілеуін;

мемлекеттік фельдъегерлік байланыс қызметкерлерінің құқығын және әлеуметтік кепілдіктерін бекітуді реттейді.

Жалпы ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар бойынша министр мырза толық айтып өтті, қайталаудың қажеті жоқ деп есептеймін.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қолданыстағы бірнеше заңнамаға өзгеріс енгізуді көздейді. Олар:

«Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Заң жобасын әзірлеуге байланысты осы қызметке қатысты заңнамалық нормаларды сәйкес келтіруге;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс және өрт қауіпсіздігі саласында Ішкі істер министрлігіне тән емес функциялар мен өкілеттіктерді Төтенше жағдайлар министрлігіне беруді заңнамалық бекітуге;



полицияның сервистік моделін дамыту мақсатында учаскелік инспекторларға қосымша өкілеттіктер және олардың көмекшілерін заңнамалық түрде бекітіп, мәртебесін арттыруға бағытталған.

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес бүгінде республика бойынша 6 мың 473 учаскелік полиция инспекторлары қызмет атқарады. Тиісінше олардың 3 мың 16-ы қалаларда, 3 мың 457-і ауылдық жерлерде. Олардың көмекшілерінің қазіргі саны 896 бірлікті құрайды.

Қазіргі уақытта лауазымдардың штаттық санының тиісті нормаға сәйкес болуы үшін қосымша 3 мың 404 учаскелік полиция инспекторы және 3 мың 585 учаскелік полиция инспекторы көмекшілерінің бірлігі қажет етіледі.

Ұсынылған заң жобасын қабылдау бұл мәселенің шешілуіне оң әсерін тигізеді деп күтілуде.

Заң жобалары бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының отырыстары өткізілді.

Сенат комитеттерінен заң жобалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Заң жобасын қабылдауды және Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания рассмотрение проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности государственной фельдъегерской связи и органов внутренних дел» во втором чтении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар, жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мемлекеттік фельдъегерлік қызмет саласын одан әрі жетілдіруге, ішкі істер органдарын өзіне тән емес функциялардан босатуға және учаскелік инспекторлардың мәртебесін арттыруға қатысты заңнамалық қолдауды іске асыруға бағытталған.

Заң жобасында 17 заңнамалық актіге, оның ішінде 1 кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Заң жобасын қабылдау:

дербес «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Заңның қабылдануына байланысты «Байланыс туралы» Заңнан қайталанатын нормаларды алып тастауды;

полицияның сервистік моделінің тетіктерін дәйекті түрде ендіруді;

өртке қарсы қызмет саласы органдарының өкілеттіктерін бекітуді қамтамасыз ететін болады.

Заң жобасы екінші оқылымда қарау мақсатында комитеттің отырысында талқыланды.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Әріптестер, заң жобасы бірінші оқылымда талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бүгін қабылданған заңдар фельдъегерлік байланыс қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін бекітіп, оның міндеттері мен қағидаттарын айқындайды. Сондай-ақ түзетулердің бір топтамасы учаскелік инспекторлардың мәртебесін көтеруге арналған.

Бұл өзгерістер Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған басымдықтарды іске асыру мақсатымен қабылданып отыр.

Аталған түзетулер «жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жұмыс істейтін жергілікті полицияның қызметін одан әрі жетілдіру үшін құқықтық негіз қалыптастырады.

Алдағы уақытта қабылданған заңдар мемлекеттік фельдъегерлердің, учаскелік инспекторлардың және Ішкі істер министрлігінің қызметін одан әрі дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға уақытымыз бар. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.  
Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2021 жылғы 17 маусым**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері жөнінде**

Об отчетах Правительства Республики Казахстан и Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета об исполнении республиканского бюджета за 2020 год

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. .... 2

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. БАЙМАҒАМБЕТОВТИҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Председателя Национального Банка БАЙМАҒАМБЕТОВА А.М. .... 5

**Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы Н.Н. ГОДУНОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад Председателя Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета ГОДУНОВОЙ Н.Н. .... 7

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. .... 11

ШӨПКЕНОВ С.Ж. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан ..... 12

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. .... 13

ОМАРОВ С.К. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, Министр сельского хозяйства Республики Казахстан ..... 14

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. .... 15

ЦОЙ А.В. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, Министр здравоохранения Республики Казахстан ..... 16

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. .... 16

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, Министр образования и науки Республики Казахстан .....	17
ЛҰҚПАНОВ С.Е. ....	18
АТАМҚҰЛОВ Б.Б. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан .....	18
ӘДІЛБЕКОВ Д.З. ....	19
СМАЙЫЛОВ Ә.А. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Первый заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан .....	20
МӘКЕЖАНОВ С.А. ....	22
ТҮРҒЫМБАЕВ Е.З. – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Министр внутренних дел Республики Казахстан .....	23
ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. ....	24
ЦОЙ А.В. ....	25
ҚАНИЕВ Б.Н. ....	26
ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Министр национальной экономики Республики Казахстан .....	26
ҚАПБАРОВА А.Ж. ....	28
ШӘПКЕНОВ С.Ж. ....	29
ЛУКИН А.И. ....	30
ОМАРОВ С.К. ....	31
ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. ....	32
ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. ....	32
АЛДАШЕВ С.Т. ....	33
СӘТҚАЛИЕВ А.М. – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы, председатель правления акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» ....	34
АТАМҚҰЛОВ Б.Б. ....	35
МҰСАБАЕВ Т.А. ....	36
СКЛЯР Р.В. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан .....	37

**Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы О.В. ПЕРЕПЕЧИНАНЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад председателя Комитета по финансам и бюджету ПЕРЕПЕЧИНОЙ О.В. ....	38
--	----

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

НУХҰЛЫ А. ....	42
МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. ....	44



КҮРІШБАЕВ А.Қ. ....	47
ЕРШОВ С.М. ....	49
МҰСАБАЕВ Т.А. ....	50
СМАЙЫЛОВ Ә.А. ....	53

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О государственной фельдъегерской связи», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности государственной фельдъегерской связи и органов внутренних дел», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі**

**Е.З. ТҰРҒЫМБАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра внутренних дел Республики Казахстан ТУРГУМБАЕВА Е.З. ....	53
--	----

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

РЫСБЕКОВА Л.Т. ....	54
---------------------	----

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ қосымша баяндасы**

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. ....	56
---	----

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

ВОЛКОВ В.В. ....	58
------------------	----

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности государственной фельдъегерской связи и органов внутренних дел» (второе чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ баяндамасы**


Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. .... 58

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева